



Қыс сынағына
сай болу қажет

2-бет

Аңғал астындағы
атын алдырады

4-бет

Арыстар рухы
ардақталған ас

8-бет

РЕСМИ

Қаржылық бақылау күшейтілді

Мемлекеттік сатып алу саласындағы жеткізушінің қаражат аудару тәртібі Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 шілдедегі № 412 бұйрығымен ресми түрде бекітілді. Құжат жеткізуші тараптың қаржы операцияларын жүргізу тетіктерін нақты айқындап, сатып алулардың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құжатта: «Электронды әмиян – жеткізушінің жеке шоты, оны бірыңғай оператор мемлекеттік сатып алуға қатысу барысында жеткізуші бірыңғай оператордың шотына қаражат аударған кезде жүргізілетін операцияларды тіркеу және көрсету мақсатында пайдаланады», – деп нақты көрсетілген. Атаулы анықтама электронды әмиянның мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі рөлін нақтылап, оның қаржы қозғалысының ашықтығын қамтамасыз етудегі маңызын айқындайды.

Аталған үдерістер мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, шарттың орындалуын қамтамасыз ету, аванстық төлемді қамтамасыз ету (егер шартта аванс қарастырылған болса), сондай-ақ, демпингке қарсы соманы енгізу сияқты рәсімдермен тікелей байланысты. Таңдаулы талаптар жеткізушілердің қаржылық міндеттемелерін уақытылы және толық орындауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу жүйесінде әділ бәсекелестік пен сенімділікті арттыруға бағытталған.

Уақыт көшіне ілескен

«Сапалы білімнің негізі неде?» десек, бұл ұстаздардың әлеуетін үздіксіз жетілдіруде жатыр. Осыған сай 2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде мектеп басшыларының жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған «Білім берудегі өзгерістің 1 000 көшбасшысы» жобасы бастау алған болатын. Жоба осы уақыт ішінде қандай нәтижеге қол жеткізді? Сабақтап көрейік.




Қолында жатқан Шығар Аманжол

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға баса мән берілуге тиіс. Осы салаға нағыз кәсіби мамандарды тарту қажет. Бізде Президенттік жастар кадр

резерві бар. Дәл сол сияқты білім саласына өзгеріс әкелетін 1 мың маман арнайы дайындықтан өтетін болады. Осыған орай, тиісті бағдарлама қабылданады» деп атап, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажеттігін айтқан болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Оқу-ағарту

министрлігі 2023 жылдың шілде айынан бастап мектеп басшыларының жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған «Білім берудегі өзгерістің 1 000 көшбасшысы» пилоттық жобасын іске қосты. Бұл жобаға жыл сайын еліміздегі педагогтер, білім ошақтарының басшылары, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар-



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

лары қатысып келеді.

Жобаның негізгі мақсаты – бүгінгі уақыт талабына сай ғылым және білім жетістіктерін қолдана алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған интеллектуалдық даму сұранысы жоғары құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Дамыған елдердің білім беру жүйесіндегі тенденция ретінде басқарудың тиімді жолдарын қарастыру да – жоба мақсаттарының бірі саналады.

Жобада жаңа мемлекеттік білім стандартына сай білім мазмұнын құру, мектепте жаңа білім ортасын қалыптастыру, оқушылардың білім көрсеткіштерін әлеуметтендіру және құзыреттілігін ашуға жағдай жасау мақсатында қосымша білім беру мен тәрбие жүйесін жандандыру бағыттары бар. Сондай-ақ, білім беру жүйесін педагогтер мен басшыларды жаңаша дайындау арқылы құзыретті оқушыны дамытып, моделін жасау, жаңа заманның мемлекеттік білім стандартына сәйкес білім сапасын арттыруға негізделген.

Оқу-ағарту министрлігінің кадрлық резервіне қатысу – білім саласындағы болашақ көшбасшыларға басқарушылық және педагогикалық қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік болып отыр. Бұл кәсіби өсуге және білім сапасын жақсартуға ықпал етеді. Жобаға қатысушылар жаңа дағдыларды меңгеріп, білім беру жүйесін өзгерту және жетілдіру процесінің белсенді қатысушылары болады.

➤ 3-бет

«Jumys Tar»: ниет болса, жұмыс бар

Бүгінде жастардың әлеуетін арттырып, олардың еңбек нарығына бейімделуіне жағдай жасау – маңызды. Осы мақсатта елімізде түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – «Jumys Tar» жобасы. Былтыр Қарағанды облысында жүзеге аса бастаған бұл бастама қысқа мерзімді курстар арқылы жастарды кәсіби біліммен, тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуде.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға қолдау көрсетеді. Тек кәсіби білім берумен шектелмейтін, нақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін кешенді жоба. Оқыту тегін түрде жүретіндіктен, қатысушылар жаңа кәсіптерді игеріп шығады. Оқу жүйесі Қарағандыдағы техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің базасында өтеді.

Жоба бүгінде атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақы алатын отбасы өкілдеріне, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларға қолжетімді. Қандастар мен қоныс аударушылар, еңбекке жарамды мүгедектігі бар азаматтар әрі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар да осы жобаға мүдделі. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, пробация есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру



орындарынан босатылғандар және зейнет жасындағы адамдар да жобаға қатыса алады.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшылығымен қолға алынған бұл жобаның орындаушысы «ORKEN2018» жеке-

меншік мекемесінің директоры Құралай Дәрімбаеваның мәліметінше, жоба аясында биыл 150 азамат тегін қысқа мерзімді кәсіби курстардан өтіп, жаңа мамандықтарды меңгерді. Оның ішінде, флористік курсы – 41 адам, дәнекерлеу ісіне – 24 адам, шаштараз

ісіне 28 адам қызығушылық танытты. Тігіншілікке – 14 адам, автослесарь мен сантехник курстарына – әрқайсысы 15 адамнан, ал жиһаз жинақтау ісіне 13 адам қатысып, арнайы кәсіптік даярлау туралы куәлікке ие болды. Бағдарламаға тартылған азаматтардың әлеуметтік жағдайына келсек, 69 қатысушы – көпбалалы отбасынан шыққан. Ал, 27 қатысушы – мүгедектігі бар азаматтар қатарында. Бұл жобаға 7 жалғызбасты ана, 5 зейнет жасына жакын тұрғын, 4 қандас, 4 асыраушысынан айырылған азамат, 2 пробация есебінде тұрған адам және Семей полигонынан зардап шеккен 1 азамат қатысқанын атап өткен жөн.

Бағдарламаға қатысушылар жобаның өз өмірлеріне оң әсер еткенін атап өтті. Солардың бірі – флорист мамандығы бойынша білім алған Малика Қанат.

– «Jumys Tar» бағдарламасы арқылы тегін оқуға мүмкіндік алдым. Бұл жоба маған флористика бағыты бойынша жаңа білім мен дағдыларды игеруге жол ашты. Бұрын тұрақты жұмыс табуда көп қиналдым. Себебі кәсіби біліктілігім жоқ және еңбек нарығында да бәсекелестік жоғары. Курсты аяқтаған соң тек жаңа мамандықты меңгеріп қана қоймай, ертеңгі күнге деген сенімділік пайда болды. Қазір отбасымды қамтамасыз етуге, кәсіби тұрғыда өсіп, болашаққа нақты жоспар құруыма мүмкіндік бар, – дейді Малика Қанат.

Бағдарламаға қатысушылардың бірі – 65 жастағы Абдулла Нұржанов. Ол зейнетке шыққанға дейін көлік жүргізушісі болып еңбек еткен. Қазір ол автомеханик жаңа ма-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

мандығын меңгеріп, қайтадан жұмыс істеуге ниетті.

– Білімді толықтырып, әрі қарай еңбек еткім келеді. Денсаулығым мүмкіндік беріп тұрған кезде жұмыс істей беремін. Қазір қардан жинай аламын, қозғалтқышқа қатысты да біраз тәжірибем бар, – дейді Абдулла Нұржанов.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысының жұмыспен қамту орталықтары Оқу курстарын сәтті аяқтаған азаматтарға жұмысқа орналасуға нақты көмек көрсетуде. Әр қатысушымен жеке жұмыс жүргізіліп, оларды бос жұмыс орындарына бағыттау, жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру жүйелі түрде қолға алынған. Бұл бір жағынан жобаға қатысушылардың болашағына нық сеніммен қарауына әрі еңбек нарығында өз орнын табуына көмек.


Жоба қатысушыларының сөзіне сүйенсек, «Jumys Tar» жобасы арқылы қысқа мерзімді оқыту арқылы қоғамның әр мүшесінің кәсіби бейімделуіне жол ашу – жобаның басты жетістігі. Қолдауға зәру азаматтарға бағытталған бұл бағдарлама – тек қана білім беру емес, болашаққа сенімді қадам жасауға арналған жол.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – 2025»

Дерек толық берілуі тиіс

2025 жылдың 1 тамызынан бастап, елімізде он жылда бір рет өткізілетін ірі мемлекеттік жоба – Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы жүргізілуде. Бұл тек ұлттық қана емес, сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі зор бастама. Санақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Азықтүлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) қолдауымен жүзеге асырылып жатқан X Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы санақтары бағдарламасына сәйкес.



Қолжазба жасаған Айбек Тұхымов

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндай санақтар биыл Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан сынды көршілес елдерде де өтіп жатыр. Қазақстан үшін бұл ауыл шаруашылығы саласындағы нақты жағдайды бағалауға, даму бағыттарын айқындауға, сондай-ақ, салаға қатысты халықтың өмір сүру деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін маңызды қадам болмақ.

Санақ екі кезеңде өтеді. Бірінші кезең, 1-31 тамыз аралығындағы онлайн санақ. Қатысушылар sanaq.gov.kz сайтына кіріп, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ), SMS немесе eGovMobile қосымшасындағы QR код арқылы тіркеліп, сауалнаманы өз бетінше тоқтыра алады. Бұл тәсіл уақыт үнемдеуге, деректерді жедел жинап, өңдеуге мүмкіндік береді.

Облыстық статистика департаментінің басшысы Сәуле Комутованың айтуынша, аймақта ауыл шаруашылығымен айналысатын 1000-нан аса кәсіпкерлік нысан мен жеке тұлға тіркелген.

– Облыста ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін кәсіпорындар мен шаруа қожалықтары саны жыл санап артып келеді. Биылғы санақ өсімді, өзгерістерді дәл көрсетіп, саладағы түйткілдерді нақтылауға сеп болады. Біз үшін деректердің сапалы әрі толық жиналуы маңызды. Содан да, тұрғындарды онлайн форматта сауалнамаға белсенді қатысуға шақырамыз, – дейді Сәуле Амантайқызы.

Онлайн сауалнамада екі түрлі нұсқа ұсынылған. Бірі – ауыл шаруашылығы өнімін өн-

дірушілерге арналса, екіншісі – бау-бақшасы немесе малы бар үй шаруашылықтарына арналған.

Сауалнамада жер пайдалану, техникалық жабдықтау, мал басы, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен өткізу, еңбек жағдайлары сияқты бағыттар қамтылған.

Бізге ауыл шаруашылығы жерлерінің нақты пайдаланылу жағдайын білу өте маңызды. Өйткені, ауыл инфрақұрылымын дамыту, жерді игеру, субсидияларды әділетті бөлу сынды жұмыстар ел өркендеуінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан, ауыл тұрғындарының белсенділігі – ортақ жетістіктің кілті, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

20 қыркүйек пен 20 қазан аралығындағы екінші кезеңде – интервьюерлердің үй аралау жұмыстары басталады. Онлайн санақтан өтпеген респонденттерді интервьюерлер аралайды. Ал, онлайн қатысқандар бұл тізімнен алынып тасталады.

Қазіргі таңда интервьюерлерді іріктеу жұмыстары жүріп жатыр. Талаптарға сай үміткерлер 1446 байланыс орталығына хабарласып, облыстық статистика органдарына жүгіне алады.

Ұлттық статистика бюросы аграрлық сала – еліміздің азықтүлік қауіпсіздігі мен экономикасының маңызды бөлігі екендігін атап айтады. Сол себепті, санаққа қатысу – әрбір ауыл тұрғыны мен шаруашылық иесіне азаматтық парыз.

Қыс сынағына сай болу қажет

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен келелі кеңесте өңір үшін стратегиялық маңызы зор мәселе – жылыту маусымына дайындық барысы жан-жақты талқыланды. Кеңес барысында барлық деңгейдегі жауапты құрылымдардың жұмысы сараланып, нақты тапсырмалар жүктелді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы аталған бағыттағы жұмыстардың маңыздылығын ерекше атап өтіп, әрбір нысан мен инфрақұрылымның дер кезінде дайын болуын қатаң бақылауға алатынын жеткізді. Жылыту маусымының тұрақты әрі апатсыз өтуі тұрғындардың өмір сүру сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін баса айтқан Ермағанбет Бөлекпаев барлық тиісті органдарға дайындық жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Кеңесте денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік-мәдени сала мекемелерін жылумен үздіксіз әрі тұрақты қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударылды. Жиынға аудан әкімдері мен облыстық салалық басқарма басшылары қатысып, өңірлердегі дайындық барысы жөнінде есеп берді. Абай, Ақтоғай және Осакаров аудандарының әкімдері арнайы баяндама жасап, алдағы қысқы маусымға жүйелі әрі кешенді дайындық жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Атап айтқанда, жылумен жабдықтау нысандарында жоспарлы жөндеу жұмыстары қолға алынып, ескірген жабдықтар кезек-кезеңімен жаңартылуда. Сонымен қатар, көмір сатып алу және отын қорын алдын ала жинақтау жұмыстары да қарқын алған.

Облыс әкімі Ермағанбет



Бөлекпаев әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына 100% дайын болуын басты басымдық ретінде белгілеп, барлық деңгейдегі жауапты тұлғаларға жұмысты үдетіп, орын алған кемшіліктерді жедел жоюды тапсырды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жылыту маусымына дайындық жұмыстарын өңір үшін

стратегиялық маңызы зор міндет ретінде айқындады. Ол бұл наудайын болуын басты басымдық ретінде белгілеп, барлық деңгейдегі жауапты тұлғаларға жұмысты үдетіп, орын алған кемшіліктерді жедел жоюды тапсырды.

Облыс әкімі Ермағанбет

ескерті. Әрбір жауапты құрылым мен лауазымды тұлға өз міндетін толық әрі сапалы атқаруы тиіс.

– Жылыту маусымына дайындық жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстау қажет. Күн райы салқындай бастағанға дейін барлық әлеуметтік нысандар толық дайын болуы тиіс. Қажетті отын қоры алдын ала жасакталып, жаңа қазандықтарды қосу үшін резервтік схемалар әзірленуі қажет, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Ермағанбет Бөлекпаев белгіленген кестеден кешігіп жатқан

• РЕСМИ

Жолақының жартысы қайтарылады

Енді елімізде жолаушылар пойызға кешіккен жағдайда билет құнын толық жоғалтпай, оның бір бөлігін қайтарып алады. Бұл туралы ресми ақпаратты «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Компания мәліметінше, жолаушы билетінде көрсетілген пойыз жөнелтілгеннен кейін бір сағат ішінде вокзал кассасына келсе,

билеттің жарты құнын қайтарып алуына мүмкіндік бар. Бұл – жолаушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған нақты қадам.

Десе де, бұл мүмкіндікті пайдалану үшін белгілі бір талаптар сақталуы қажет. Ең алдымен,

жолаушы пойыз кеткен соң көп кешікпей, бір сағаттың ішінде вокзалға барып, билет пен жеке куәлігін көрсетуі тиіс. Қайтару рәсімі теміржолмен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Ал, егер, жолаушы пойыздың кеткеніне бір сағаттан артық уақыт өткізіп барса, билет құны мүлде қайтарылмайды. Сондықтан, мұндай жағдайда уақыт-

ты өткізбей, мүмкіндігінше жылдам әрекет ету қажет.

Бұл жаңашылдық – жолаушылардың көңіліне медеу, күтпеген жағдайлардан туындайтын қаржылық шығынды азайтуға бағытталған.

Қала тұрғындары да жаңалықты естіп, қарапайым халықтың өтініш-тілегінің жүзеге асқанына риза болып, алғыс айтуда.

Ассамблея өкілдері – аудан орталығында

Қарағанды облысындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері «Бірлікпен гүлденген Сарыарқа» атты көшпелі көрмемен Осакаров кентінде болды. Бұл шара Қазақстан халқы Ассамблеясының биылғы 30 жылдық мерейтойына арналған.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрамында облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Игорь Жабяк, «Қарағанды еврей мәдениеті орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Вилен Молотов-Лучанский, облыстық ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КМК-нің директоры Гүлнар Қасембаева, облыстық ҚХА Аналар кеңесінің мүшесі, «Өмір сыйла», «Благо» қайырымдылық қорларының құрылтайшысы Марина Шиллер, SMART Assembly жобасының жетекшісі Ернар Рақышев бар делегация жергілікті халықпен кездесіп, келелі мәселелерді талқылады.

Астана мен Қарағандыны жалғайтын Осакаров ауданында қазіргі уақытта отыздан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Алуан ұлттың өкілдері тонын ішкі бауындай араласып, тату ғұмыр кешіп жатқан елдің бір жарқын мысалы дәл осы өңір десек қателеспейміз. Аудандағы Аналар кеңесі мен Аксақалдар кеңесі тұрақты жұмыс істеп, қоғамдық өмірге белсене ара-

ласып келеді. Бұл құрылымдар түрлі бағыттағы қоғамдық, мәдени, тәрбиелік маңызы зор шаралар ұйымдастырып, ұлттар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтуға айтарлықтай үлес қосып жүр.

Аудандық мәдениет үйінде өткен кездесу басталмас бұрын, жиылған көпшілік алдымен Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Бірлікпен гүлденген Сарыарқа» көрмесін тамашалады. Мұнда Қарағанды облысындағы этномәдени бірлестіктердің осы жылдар ішіндегі жетістіктері көрініс тауып, қолөнер туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Көрменің ашылуында, сонымен қатар, Қарағанды облысындағы Қазақстан халқы ассамблеясының тыныс-тіршілігі туралы бейнефильм көрсетілді.

Ассамблея мүшелерінің Осакаров ауданының халқымен кездесуінде негізінен қоғамдық мәселелер көтеріліп, ұлттар достығының мән-маңызы, адами құндылықтар туралы әңгіме өрбіді.

Бұдан бөлек, Қарағанды облысы ҚХА төрағасының орынбасары, облыстық мәслихаттың



депутаты Игорь Жабяк Осакаров ауданы Аксақалдар кеңесінің мүшелерімен, ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы А. Қиясова аудандағы Аналар кеңесінің өкілдерімен және осакаровтық жастармен арнайы кездесіп, олардың жекелеген мәселелер бойынша сауалдарына жауап беріп, құқықтық тұрғыдан кеңестерін айтты.

Халықпен кездесу барысында өнерпаздарға да кезек берілді. Осакаровка халқы осы кешке



арнайы келген белгілі қобызшы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Файни Болтаеваның, «Қарағанды еврей мәдениеті орталығы» қоғамдық бірлестігінің әншісі Светлана Бойконың, Шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің «Вайнах» би ұжымының, сонымен қатар жергілікті өнер иелерінің концертін тамашалады.

Осакаров кентіндегі кездесулер мен көрме көп ұлтты еліміздегі этностардың достығын, өзара түсіністігі мен бірлігін нығайтуға аз да болса үлес қосары сөзсіз. Аудан әкімінің орынбасары Динара Қоскенова қонақтарға осы игі шаралар мен ел бірлігі жолында атқарып жүрген жұмыстары үшін көпшіліктің атынан алғыс айтты. Шынында да, бейбіт өмірдің қадірін сезіне түсу үшін мұндай кездесулер мен қоғамдық шаралардың маңызы аз емес.

Осакаров ауданы

Суреттер Sarybel.KZ газетінің редакциясынан

Уақыт көшіне ілескен

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоба қандай нәтиже береді?

Жоба халықаралық озық тәжірибеге негізделген. Көптеген елдерде мектеп директорлары тағайындалмас бұрын арнайы дайындықтан өтеді. Қатысушылар оқудан өтіп, үздік білім беру ұйымдарында тағылымдамадан өтеді және тәлімгерлік қолдаумен қамтылады. Бұл басқарушылық қабілеттерді жүйелі түрде дамытуға және сенімді шешім қабылдай алатын жетекшілерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Министрлік мәліметінше, екі жыл ішінде іріктеудің барлық кезеңдерінен сәтті өткен 583 кандидат республикалық кадр резервінің құрамына енген. Биыл 400 үміткер оқудан өтуде.

Жобаны іске асыру барысында мектеп директорларының тапшылығы үш есеге қысқарған. Кадрлық резервтің мүмкіндігінің арқасында өңірлердің басым бөлігінде басқарушы лауазымдарға арнайы дайындықтан өткен мамандар тағайындалған.

Тек бұл ғана емес, 4 мыңға жуық директор «Өрлеу» БАҰО-да қысқа мерзімді курстардан өткен. Бұл мектептердегі басқару әлеуетін нығайтуға және білім беру жүйесіндегі менеджмент сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

– Жоба айтарлықтай нәтиже берді, мектептерде жаңашыл, ынталы менеджерлер пайда болады. Енді бұл процесті жүйелеп, қалған барлық бос жұмыс орындарға басқарушы кадрларды тағайындауды тамыз айында аяқтау маңызды. Бұл – директорларды тағайындау ғана емес, сонымен қатар білім берудегі басқару мәдениетін жүйелі түрде жаңарту. Аталған бағыттағы жұмыстар нақты өзгерістер мен білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Министрдің айтуынша, бірқатар өңірлерде кадр резервінің әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Яғни, басқарушы кадрларға қажеттілік басым. Бұл өңірлердің қатарында Қарағанды облысы да бар.

Мәселен, аймақ бойынша 45 мектепте директордың лауазымы бос тұр. Өрине, кадрлық резервке өткен педагогтер бұл бос орынды толтыра алмайды. Білім басқармасы мамандарының айтуынша, мұндай жағдайда педагогтерге, директордың орынбасарларына жаңа жұмыс ұсынылады, насихаттау жұмысы жүргізіледі. Биыл облыс бойынша «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасында тек 12 педагог қана іріктеліп, оқуды жалғастырып жа-



тыр. Оқуды сәтті аяқтаған жағдайда, оларға сертификат беріліп, оқу жылы басталғанға дейін директорлық лауазымның бос орнына тағайындалады.

Басшылардың жаңа буыны қандай болуы керек?

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда республикалық кадрлық резервке 583 педагог енгізіліп, олардың 397-сі конкурстан тыс негізде басшылық қызметке тағайындалған. 2024 жылдың өзінде 36 резервист жаңа үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған мектептердің директоры болды.

Қарағандыдағы жаңа ашылған №19 Жалпы орта білім беретін мектептің басшысы Гүлдана Асамиданова былтыр «Келешек мектептері» жобасының курсынан өткенін айтты. Түйгені – қазіргі мектеп басшылары авторитарлы басқарушы тұлға емес, ұжымды мейірімділікпен біріктіре алатын басшы болу қажет.

– Былтыр «Жайлы мектеп» ашылар кезде курсқа менімен бірге орынбасарларым да қатысты. Біз бұл жерде мектептің миссиясына сай жаңа дағдыларды үйреніп, қазіргі басшы қандай болу қажеттігін меңгердік. Қазіргі білім беру жүйесіне заманның ағысына ілесіп алатын заманауи басшы керек. Білім берудің жаңа тенденцияларынан үнемі хабардар болып, басқарудағы нормативтік-құқықтық негіздерді білу қажет. Кез келген басшының алдында зор міндет тұр. Білікті директордың соңынан ерген ұжым да биік белестерді бағындырады. «Келешек мектептері» моделі осындай жаңаша басқару мәдени-



етін қалыптастыруға септігін тигізеді, – дейді ол.

Гүлдана Ибрайкенқызы жаңа мектепке конкурспен қабылданғанын айта келе: – Директорларды бос орынға қабылдау конкурсының алғашқы кезеңінде құжаттарым қаралып, кейін білім басқармасында, одан кейін министрлікте әңгімелесуден өттім. Сөйтіп №19 мектептің басшысы болып тағайындалдым. Бүгінде І санатты көшбасшы директорым, – деді.

Beyim Ustaz білім беру платформасының мәліметінше, Қарағанды облысында «Білім берудегі 1000 көшбасшы» жобасы басталған 2023 жылы резервке өткен 2 педагог білім беру мекемелеріне директор болып тағайындалған.

Соның бірі – Вероника Ченцова-Марчук. Ол – облыс бойынша республикалық кадрлық резерв-

ке есімі енген алғашқылардың бірі. Бүгінде ол Шахтинск қаласы Ш.Уәлиханов атындағы гимназияның директоры қызметін атқарауда.

– Бұл тағайындау «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасының алғашқы легіне қатысу нәтижесінде болды. Жоба тек оқу курсы ғана емес, сонымен қатар алған білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді, әрі мен жергілікті білім саясатын қалыптастырушы топқа кірдім, – дейді Вероника Ченцова-Марчук.

Педагог жобадан үйренгімен бөлісіп, директорлардың жаңа буыны қандай болу қажеттігін және жаңаша басқару қалай жүзеге асатынын айтты.

– Жобаға қатысқалы мен үшін бұрынғы басқару мәдениетіндегі қалыптасып қалған стереотиптердің сені бұзылды. Формалды

әкімшілік жұмыстан бас тартып, икемді және ашық басқаруға көштік. Қазіргі басқару – ең алдымен қатынастарды басқару. Бұрынғы менеджмент темірдей тәртіп пен талапқа, қорқынышқа негізделсе, қазір бұл құрмет пен мақсатқа, сыпайы қарым-қатынасқа құрылуы қажет. Жоба тек құралдар беріп қана қойған жоқ, ол ішкі дайындық пен дұрыс бағыт-бағдар болған жағдайда нағыз өзгерістерді жасау мүмкін екенін дәлелдеді. Қазіргі таңда үйренгенімді өз тәжірибемде қолданып келемін, – деді Вероника Викторова.

2024 жылы облыс бойынша резервтегі жеті маманның алтауы мектептерге директор болып қабылданса, бір педагог директордың орынбасары қызметін атқарып жүр. Биылғы жоба әлі соңына жеткен жоқ. 2025 жылы аймақ бойынша «Білім берудегі 1000

Гүлдана Асамиданова 2023 жылдан «Білім берудегі 1000 көшбасшы» жобасы басталғалы бері комиссия құрамында екенін айтып, жобаның маңызына тоқталды.

– Осы жоба бойынша Министрлік жанынан құрылған әңгімелесу кезеңінің комиссия құрамындамын. Қатысушыларға ситуациялық сұрақтар қойылды. Олар жобадан менгерген білімін пайдаланып, тығырықтан шыға білуі қажет. 1-ден 10-ға дейінгі ұпай қойылады. Жоғары ұпай жинаса, сертификат беріледі, кадрлық резервке өтеді. Кейін өңірлердегі директорлық лауазымға тағайындалады. Менің ойымша, осы жоба директорлардың заманауи, жаңа буынын дайындауға үлкен үлес қосады, – дейді педагог.

Кадрлық резервке өткен үміткерлер білім беру ұйымдарындағы бос орындарға конкурссыз тағайындалады. Айта кету керек, барлық кезеңнен сүрінбей өтіп, сертификат алғандарға «көшбасшы-жетекші» біліктілік санаты беріледі.

Жаңа басшыларды кімдер оқытады?

Отандық білім берудің топ-менеджерлерін, яғни, басшылардың жаңа буынын дайындауды Назарбаев зияткерлік мектептері жанынан құрылған NIS «Педагогикалық шеберлік орталығы» жүзеге асыруда. Бұл жоба дамушы мемлекеттердің білім беру жүйесіндегі тәжірибеге негізделіп жасалған. Орталықтың Қарағанды облысы филиалының директоры Евгения Маторинаның айтуынша, аталған жоба ұстаздар мен жалпы білім беретін мектептердегі директордың орынбасарларына табысты мансап құруға мүмкіндік береді.

– Кадрлық резервті оқыту – ертеңгі күні отандық білім беру жүйесінің тізгінін ұстайтын болашақ басшылардың кәсібі, жеке және басқарушылық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ, олардың кәсіби дамуының жеке траекториясын қалыптастыруға бағытталған. Басшылар әр өңірдегі NIS «Педагогикалық шеберлік орталығында» дайындалады. Курстарды арнайы дайындықтан өткен сертификатталған тренерлер өткізеді. Олар басшылардың біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша Кембридж Бағалау кеңесінің сертификаттарына ие болған, – дей келе:

– Өзгерістерді басқару – бұл жалпы жұмыс және ол алғашқы кәдім жасаудан басталады. Кадрлық резерв қатысушылары осы маңызды жолды бізбен бастағанына қуаныштымыз, – дейді Евгения Анатольевна.

Суреттер NIS «Педагогикалық шеберлік орталығынан» алынды

Қор 500 грант бөлді

2025-2026 оқу жылына «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры талапкерлерге жоғары оқу орындарында оқуға 500 білім беру грантын бөлді. Бағдарламаға 29 жасқа дейінгі үміткерлер қатыса алады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама шарты негізінде білім беру грантына мынадай санаттағы талапкерлер үміткер бола алады:

- 1) ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар;
- 2) жетім балалар немесе көмектелген толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар;
- 3) мүгедектігі бар азаматтар;
- 4) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар;
- 5) 2022 жылғы қайғылы Қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;
- 6) 2022 жылғы қайғылы Қаңтар оқиғалары кезінде жаракат алған балалар.

Бағдарламаға қатысудың шекті жасы толық 29 жасты құрайды.

Білім беру гранты бір реттік тәртіппен беріледі. Яғни, кез келген талапкер грант иегері бола алмайды. Атап айтқанда, жоғары білімі бар тұлғаларға, сондай-ақ, республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» дәрежесін алу үшін мемлекеттік білім беру гран-



Сурет ашық дереккөзінен

ты тағайындалған тұлғаларға екінші жоғары білім алу және онлайн-оқу үшін грант берілмейтінін ескеру қажет.

Үміткерлердің тізімін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары биылғы ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша оқуға түсу үшін қажетті шекті балын жинаған (оның ішінде, шығармашылық емтихандарды еске-

ре отырып) талапкерлер қатарынан құрайды. Тізім жоғары оқу орнының немесе филиалдың конкурстық комиссиясы отырысының хаттамасы түрінде рәсімделеді.

ЖОО тізімі, грант саны және іске асыру жоспары бойынша толық мағлұматпен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының ресми сайтында qazaqstanhalqyna.kz танысуға болады.

• БІЛІМ

Білімдінің жүзі жарқын

Биыл білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға 113 мыңға жуық талапкер өтінім берді. Бүгінде грант тағайындау жөніндегі республикалық комиссия жұмысын аяқтады. Тізім 10 тамызға дейін жарияланады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Комиссия құрамында ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдар, білім саласы кәсіподақтарының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жоғары оқу орындары қауымдастығының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері бар. Комиссия отырысында үміткерлердің өтініші қаралып, мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу қолданыстағы ережелер негізінде конкурс тәртібімен жүзеге асырылды.

Биыл грант тағайындау конкурсына қатысуға 113 мыңға жуық өтінім берілген. Талапкерлердің басым бөлігі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағытындағы мамандықтарды таңдаған. Бір гранттық орынға арналған ең үлкен конкурс болашақ аудармашылар, мұғалімдер, психологтар, дизайнерлер мен заңгерлер арасында күтіледі.

Конкурстық іріктеудің қорытындысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, сондай-ақ, Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде 10 тамызға дейін жарияланады. Ал жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау 25 тамызда аяқталады.

Еске сала кетейік, былтыр гранттарды тағайындау конкурсына қатысу үшін 104

мыңнан астам талапкер құжат тапсырған. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 10 мыңға артық.

Сондай-ақ, 2024 жылы бір гранттық орынға арналған ең үлкен конкурс «Стоматология» мамандығында болды. Яғни, стоматолог болуға талпынған 35 талапкердің біреуіне ғана орын берілді. Одан бөлек, «Халықаралық қатынастар және дипломатия» мамандығына 11 адам, «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауға» 10 адам, «Аударма ісі» мен «Психология» мамандықтарына 9 адам бір гранттық орынға таласты.

Грантка үміткерлер арасында жинаған баллы тең түскен 22 мыңнан астам талапкер, олардың ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері болды. Әлеуметтік осал санаттағы балалардың квоталары да ескерілді.

Былытты гранттардың басым бөлігі инженерлік және техникалық бағыттағы басшыны болатын. Сонымен қоса, Мемлекет балшығының тапсырмасымен алғаш рет ішінара оқу ақысы бар сараланған гранттар енгізілді. Әсіресе, бұл «Педагогикалық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» бағыттары бойынша белгіленді. Сондай-ақ, 2024 жылы 3 903 грант «Серпін» бағдарламасымен оқуға тапсыратын талапкерлерге бөлінгенін еске саламыз.

Аңғал астындағы атын алдырады

Қазіргі қоғамда қылмыс келбеті өзгеріп барады. Ұры да, қаскүнем де бетперде киіп, виртуалды кеңістіктен бой көрсететін заман туды. Ақшаңызды ұрлау үшін алаяқтар енді есігіңізді қағып кірмейді, олар телефоныңызға қоңырау шалып, банктің атымен хат жазады. Осындай сын-қатерлерге және басқа да қылмыс түрлеріне жауап ретінде Қарағанды қаласының құқық қорғау органдары Президент тапсырмасына сәйкес жүйелі әрі кешенді шаралар қабылдап жатыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қылмыстың жаңа түрі бар

Қарағанды қаласы полиция басқармасы ұсынған дерекке сүйенсек, кеншілер астанасында 2025 жылдың 7 айының ішінде 2819 қылмыстық оқиға тіркелген. Оның 1557-сі – алаяқтық болса, соның 997-сі – интернет алаяқтық. Яғни, қазір әрбір екінші алаяқтық цифрлы кеңістікте тіркеліп отыр. Бұл қауіптің тек шынайы өмірде емес, виртуалды кеңістікте де күшейіп жатқанын аңғартады.

Бүгінде киберқылмыскерлер адам психологиясын шебер меңгерген, олардың айла-тәсілі күн сайын түрленіп отыр. Күні кеше ғана ескі тәсілмен қалтаңызды тінтен ұры енді телефон арқылы SMS-кодты сұрап, шотыңыздағы ақшаны жоқ қылады. Сондықтан да, қалалық полиция басқармасы бұл бағыттағы жұмыстарды қарқынды түрде жүргізіп келеді.

Пәтер ұрлығы азайды

Қалта ұрлығы әлі де болса, қоғамдық көліктер мен адам көп жиналатын жерлерде тіркеліп отырады. Осыған байланысты Қарағанды қалалық полиция басқармасының Криминалдық полиция басқармасы Жедел іздеу бөлімшесі күн сайын «қауырты» сағаттарда, яғни, таңертеңгі және кешкі мезгілдерде Қазыбек би ауданының аумағында ұдайы жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуде.

Осы орайда Қарағанды қаласының полициясы профилактикалық



Қолжазба жасаған Шығар Аманжол

шараларды тек қауіп төнгеннен кейін емес, алдын ала қолға алуды мақсат етіп отырғанын атап өту керек. Биыл қалада ауқымды ақпараттық және түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

– Нақтырақ айтсақ, қоғамдық көліктерде дыбыстық хабарламалар мен бейнероликтер үздіксіз берілуде. Базарлар, аялдамалар, мектептер, медициналық мекемелер мен автобустарда ақпараттық паракшалар таратылып, қалта ұрылары мен интернет алаяқтарынан қорғану ережелері түсіндірілуде. Сонымен қатар, қарапайым тұрғындарға қылмыстың жаңа түрлері мен олардан сақтану жолдары туралы үнемі мәлімет беріліп отыр.

Уақытылы атқарылған жұмыстың нақты нәтижесі де жоқ емес. Атап айтсақ, пәтер ұрлығы өткен жылмен салыстырғанда 22,5%-ға төмендеген. Бұл – халықтың сақтығы артқанын және полиция әрекетінің нәтижелі екенін көрсетеді, – деп атап өтті Қарағанды қаласы полиция басқармасы Криминалдық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Бауыржан Омаров.

Қылмыспен күрестегі жаһандық тәсілдер

Бүгінде пәтер, қалта ұрлығы және интернет-алақтық мәселесі елімізде ғана емес, бүкіл әлемде күрделі проблемаға айналды. Әлемнің дамыған елдері бұл қауіпке қарсы кешенді заңнамалық және технологиялық шаралар қабылдауда.

Мәселен, Ұлыбританияда интернет-алақтықтың алдын алу үшін үкімет киберқауіпсіздік тақырыбын мектеп бағдарламасына енгізген. Балаларға жеке деректерді қорғау, фишингтен сақтану, жалған жарнамаларды тану сияқты базалық дағдылар үйретіледі.

Сонымен қатар, әрбір банк клиентіне арнайы «қызыл жалауша» ескерту жүйесі енгізілген. Күмәнді операциялар кезінде автоматты түрде ескерту келеді.

Ал, Германияда интернет-алақтыққа қарсы арнайы «Cybercrime Unit» бөлімдері федералдық және аймақтық деңгейде жұмыс істейді. Олар: VPN, TOR арқылы жасырынған алаяқтарды арнайы алгоритмдер арқылы анықтайды. Жедел бұғаттау жүйесі арқылы жалған сайттар мен

шоттарды дереу жауып, ақшаның қозғалысын тоқтатуға мүмкіндік береді.

АҚШ тәжірибесінде жеке деректерді қорғау ұлттық қауіпсіздік деңгейінде қарастырылады. Мұнда әрбір штатта киберқылмысқа қарсы өз полиция бөлімшесі бар. Жұмыс принципі — «Zero Trust», яғни, кез келген цифрлы әрекет толықтай тексеріледі.

Көптеген банктер мен маркетплейстер AI-мен жабдықталған транзакция бақылау жүйесін енгізген. Күдікті әрекет автоматты түрде тоқтатылады.

Заң күшейді

Қазақстан да әлемдік дамыған елдің тәжірибесіне сүйене отырып, өз тетіктерін жетілдіруде. Қылмыстың түрі өзгерсе, оған жауап беретін заң да өзгеруде. Биыл 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қылмыстық заңнаманы оңтайландыру туралы Заңға қол қойып, Қылмыстық кодекске 232-1-бап енгізілді.

Бұл бап бойынша кімде-кім өз жеке банк картасын, шотын немесе төлем құралдарын мүлтік пайда табу мақсатында басқа біреуге берсе, 7 жылға дейін бас

бостандығынан айырылады.

Ең қауіпті тұсы – бұл әрекет «білместікпен» жасалған күннің өзінде қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Себебі, алаяқтық әрекеттер дәл осы қарапайым сенімге негізделіп жұмыс істейді. Біреу «көмектесші», «қартанды ғана бере тұр» дегенде, азамат өзінің қылмысқа қатысып жатқанын білмеуі мүмкін. Алайда, заң осындай «аңқаулықтың» соны ауыр зардапқа әкелетінін ескертіп отыр.

Атап айтсақ, қазіргі интернет алаяқтар банк қызметкері болып қоңырау шалады, сатып алушы немесе сатушы ретінде интернет-дүкендерде байланысқа шығады, «оңай табыс», «инвестиция», «жұмыс ұсынысы» деген желеумен азаматтарды алдайды.

Одан бөлек, жалған сайттар, QR-кодтар және вирус тарататын сілтемелер арқылы азаматтардың құрылғыларына еніп, банк деректерін ұрлайды.

Серіктестік – нәтиже кепілі

Қарағанды қалалық полиция басқармасы профилактикалық іс-шараларды бірқатар маңызды



мекемелермен біріге отырып, іске асырып жатқанын да атап өту керек. Ол шаралар өз кезегінде нәтижесін беруде.

Мәселен, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу агенттігі, екінші деңгейлі банктер, прокуратура қызметкерлерімен семинарлар өтсе, қала әкімдігі, ірі кәсіпорындар, білім беру мекемелері және денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе отырып, қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен бірге, ауқымды шаралар «Қарағанды-Арена» мұз сарайында, соның ішінде, «Сарыарқа» хоккей матчтары кезінде де өткізілді.

Нәтижесінде, биыл Қарағанды қаласында мүлтіксіз қылмыстарды тіркеу 7,9%-ға, бөтеннің мүлкін тонау 50%-ға төмендеген.

Полиция подполковнигі Бауыржан Омаров қылмыспен, оның ішінде, интернет-алақтықпен күрес бұл полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін айтады.

«Біз тұрғындарға қылмыстың түрлерін түсіндіру арқылы алдын алу мәдениетін қалыптастыруға тырысып отырмыз. Қарапайым ережелерді сақтау арқылы азаматтар өздерін және жақындарын үлкен қауіптен сақтай алады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз құқық қорғау саласындағы барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып, күресті жүйелі әрі нәтижелі жүргізіп келеміз», – дейді Бауыржан Амангелдіұлы.

Нүкте

Қарағанды қаласындағы қазіргі қылмыстық ахуал құқық қорғау органдарының жедел әрекеті мен қоғамның сауаты арқасында тұрақталып келеді. Алайда, интернет алаяқтар мен қаскүнемдердің айналасы шексіз. Сондықтан, ең тиімді қорған – ақпараттық сауаттылық, қырағылық және бірлесе әрекет ету.

Мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім мен жауапкершілік – қауіпсіздіктің негізі. Цифрлы дәуірде қылмысқа қарсы тұрар бір ғана жол бар – саналы қоғам мен сергек азамат.

• ҚҰҚЫҚ

Рақымшылық жасалады

Облыста 500-ден астам жазасын өтеушіге рақымшылық заңы қолданылуы мүмкін.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жарияланған рақымшылық аясында бүгінгі күнге дейін өңірде 530 сотталған азамат рақымшылыққа ілінді. Олардың ішінде 115 адам толықтай бостандыққа шықса, 415 адамның жазасының мерзімі қысқартылды. Қазіргі таңда 12 адам қамаудан босатылып, тағы 40 сотталушының жаза мерзімі азайтылған.

Облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті баспасөз қызметкерлерінің хабарлауынша, рақымшылық негізінен жеңіл және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамдарға қолданылады. Әрбір іс сотта жеке қаралып, құқықбұзушылықтың мән-жайы, сотталған адамның мінез-құлқы мен түзелу деңгейі мұқият талданады.

Бүгінде облыс соттарында 52 сотталған азаматқа қатысты материалдар қаралды. Нәтижесінде, 12 адам толықтай бостандыққа шығарылды, ал, 40 адамның жаза мерзімі қысқартылды. Қысқартылған мерзімнің аяқталуына байланысты олардың бірқатары бостандыққа шықты.

Бұл заң ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандарға, сыбайлас жемқорлық әрекеттері мен қайталанған құқықбұзушылықтарға барған тұлғаларға қолданылмайды.

Айта кету керек, облыс көлемінде рақымшылық туралы заңды жүзеге асыру жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Қалған сотталғандарға қатысты материалдар сот қарауына әзірленуде. Рақымшылықтың нақты қорытындылары барлық сот үдерістері толық аяқталғаннан кейін жарияланатын болады.

• ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Күш көрсеткен адам қамауда отыр

Қарағанды қаласында жеке медициналық орталықта қызмет атқарып жүрген медбикеге қатыгездікпен шабуыл жасаған ер адам уақытша ұстау изоляторына ауыстырылды. Алғашында ол дәрігерлердің бақылауында болып, нейропсихиатриялық орталыққа жатқызылғанымен, жүргізілген медициналық сараптамалар мен тергеу нәтижелері оның қылмыстық жауапкершілікке тартылуына негіз болғаны анықталды. Қазіргі таңда күдіктіге қатысты қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жалғасуда.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен айда жеке медициналық орталықтың медбикесіне шабуыл жасаған ер адам алғашында дәрігерлердің бақылауымен нейропсихиатриялық орталыққа жатқызылған еді. Алайда, жүргізілген медициналық сараптамалар мен тергеу нәтижелерінен кейін оның уақытша ұстау изоляторына қамалғаны анықталды. Құқық қорғау органдары қазіргі таңда күдіктіге қатысты қылмыстық іс қозғап, тергеу амалдарын жалғастырып жатыр.

Еске сала кетейік, оқыс оқиға медбике жұмыс күнін аяқтап, үйіне қайтуға дайындалып жатқан сәтте орын алды. Медициналық орталықта отбасымен бірге жүрген ер адам қызметтік бөлмеге кіруге әрекеттенген. Алайда, оған рұқсат берілмеген соң есікті сындырып, ішке басып кірген. Осы сәтте қылмыскер медбикеге шабуыл жасаған.

Осыдан кейін ер адам медбикеге қатыгездікпен күш көрсетіп, ұра бастаған. Жәбірленушінің анасының айтуынша, ол қыздың шашын жұлып, саусақтарын сындырған және бірнеше рет теуіп жіберген. Салдарынан медбике ауыр жаракат алды. Дәрігерлер науқасқа «ми шайқалған» деген диагноз қойды.

Полиция қызметкерлері оқиға орын алған сәтте ер адамды ұстап, оны психоневрологиялық орталыққа орналастырғанын хабарлады. Медициналық мекемеде ол дәрігерлердің тұрақты бақылауында болды.

Жеке медициналық мекеме дәрігеріне қатысты



Сурет ашық дереккөзінен

күш қолдану фактісі бойынша полиция қылмыстық іс қозғады. Тергеу барысында тәртіп сақшылары шабуыл жасаған ер адамның 42 жаста екенін анықтады. Қазіргі уақытта оның әрекетіне құқықтық баға беріліп, тергеу амалдары жалғасып жатыр.

Аталған резонансты оқиғаға қатысты жаңа деректер жарыққа шықты. Аймақтық полиция департаменті баспасөз қызметі өкілдерінің мәліметінше, тергеу барысында шабуылдың мән-жайына қатысты бірқатар маңызды жайттар анықталған.

«Оқиға орын алған күні күдікті облыстық психикалық денсаулық орталығына жатқызылды. Медициналық тексеруден өткеннен кейін ол уақытша ұстау изоляторына жеткізіліп, қамауға алынды. Сот шешімімен оған қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралық қолданылды», – делінген полиция департаментінің ресми хабарламасында.

Аталған факті бойынша Қазақстан Республикасы

Қылмыстық Кодексінің 107-бабы 2-бөлігінің 5-тармағы – «Бұзақылық ниетпен денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жалғасып жатыр, ал, күдіктінің іс-әрекетіне заң шеңберінде құқықтық баға беріледі.

Іс бойынша тергеу уәкілетті органның өндірісіне беріліп, жүргізілуде.

Оқыс оқиға қоғам назарын медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен қорғау мәселесіне қайта аударды. Қызмет барысында әрдайым жанқиярлықпен еңбек ететін дәрігерлер мен медбикелердің құқықтары мен амандығын қамтамасыз ету – қоғамның ортақ міндеті. Қылмыстық іс бойынша тергеу толық аяқталғанша, құқық қорғау органдары мен медициналық мекемелердің бірлесіп жұмыс істеуі, сондай-ақ, мұндай қайғылы жағдайлардың алдын алу шараларын күшейту маңызды.

• ЭНЕРГЕТИКА

Экономиканың күретамыры

«Қыстың қамын жаз ойла» дегендей, ел көлеміндегі электр желілерінің уақытылы жаңартылып, тозығы жеткен жабдықтардың дер кезінде жөндеуі – аса маңызды шаруа болып есептеледі. Жаздың жайлы, жайма-шуақ күндерінде энергетика саласы қауырт дайындыққа кірісті. Осы орайда, «KEGOC» акционерлік қоғамы 2025-2026 жылғы күзгі-қысқы кезенге дайындық шеңберінде Ақшатау елдімекеніне қарасты аймақта Ұлттық электр торабының сенімді әрі үздіксіз қызметін қамтамасыз етуге бағытталған жөндеу жұмыстары атқарылуда.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы бекітілген өндірістік жоспарға сәйкес, ел аумағында 99 әуе электр жеткізу желісі (ӘӘЖ) және 43 қосалқы станция жабдығы жөндеуге тиіс. Тамыз айының басында осы нысандардың бір бөлігі – 57 ӘӘЖ мен 14 жабдықтың жұмысы сәтті аяқталған. Қалған бөліктерінде жұмыс кестеге сай жалғасып жатыр.

Энергетиктер жұмыстың көлемі мен жауапкершілігіне қарамастан, барлық өңірлердегі жөндеу жұмыстарын межеленген мерзімде орындап келеді. Әр нысан бойынша қажетті қауіпсіздік, сапа және тиімділік талаптарын жіті қадағалап келеді.

Біз сөз етіп отырған жөндеу жұмыстары Ақшатау аумағына жақын орналасқан Балқаш аймақтық электр торабы транзиттік 220 кВ 2188-Ж әуе электр жеткізу желісінде жүріп жатыр. Бұл желі – Ақтоғай ауданы мен Балқаш қаласының жарықпен қамтылуына жауапты аса маңызды энергетикалық торап.

Жұмыстың маңыздылығын көзбен көргеннен соң айта кету



ләзім. Әрбір тірек, окшаулағыш элементтер мұқият тексеріліп, қажет болған жағдайда ауыстырылып жатыр.

– Біздің басты міндетіміз – күзгі-қысқы кезенге дейін барлық жабдықты сапалы әрі уақытылы дайындау. Бұл – тек техникалық талап емес, тұтас еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Жөндеу науқанының әрбір кезеңі нақты бақы-

лауда, біз бекітілген мерзімнен ауытқымай жұмыс істеп келеміз. Қазіргі уақытта Балқаш АЭТ-тің транзиттік 220 кВ 2188-Ж желісінде жүргізіліп жатқан жұмыстар осы аймақ үшін ерекше маңызға ие екені мәлім. Сондықтан, әрбір учаскеде сапалы жұмыс істеуге барымызды саламыз, – деді «Балқаш» қосалқы станциясының электр желілерін жөндеу жөніндегі 4-разрядты электрмонтері Әділжан Исабаев.

Дайындық жұмыстары еліміздің барлық аймақтарын қамтып отыр. Соның ішінде, мамыр айынан «KEGOC» АҚ «Орталық ЖЭТ» филиалында да жаңғырту шаралары қарқын алған. Бұл өңірде 12 әуе желісі мен 18 қосалқы станция жабдығы жөндеуі тиіс. Бүгінде соның 8 желісі мен 6 жабдығында жұмыс толық аяқталған. Барлық іс-шаралар нақты бекітілген кесте аясында жүйелі түрде жүргізіліп жатыр.

Жөндеу жұмыстарының уақытылы жүргізілуі компанияға 2025-2026 жылғы күзгі-қысқы кезеңге дайындық паспортын алуға мүмкіндік береді. Бұл құжаттың маңыздылығы – энергетикалық жүйе маусымдық сынақтарға толықтай төтеп бере алатынын айқындайды.

Электр қуаты көзге көрінбесе де, әйткенмен, тұрмысымыздың ажырамас бөлшегіне айналды. Ол жарық, жылу, байланыс, өндіріс, медицина сияқты салалардың тамырына қан жүгіртеді. Сондықтан да, энергетиктердің еңбегі шын мәнінде стратегиялық маңызы бар жұмыс.

Ақшатаудағы электр желілерін жаңғырту – соның бір парасы ғана. Елдің түпкір-түпкірінде дәл осындай жұмыстар жүріп жатыр. Жүйенің сенімді жұмыс істеуіне әрбір электрмонтері мен инженер жауапты. Олардың біліктілігі, ұқыптылығы, ең бастысы, кәсіби адалдығы – электр желісінің сапасының кепілі болмақ.

– Қазіргі уақытта біз әуе электр желілерінің бойындағы әр тіректі толыққанды тексерістен өткізіп жатырмыз. Ақау анықталса, бірден қосалқы бөлшектерді алмастырып, жаңартамыз. Әр тіректі жөндеуге жобамен 40 минут уақыт жұмсаймыз. Біздің бригадада тоғыз маман бар: бес электрмонтері, бір мастер және көлік жүргізушілері. Біз бесеу болғандықтан, әр тірек сайын өзара алмасып, кезекпен жұмыс істейміз. Сәтін салса, жөндеу жұмыстарын бекітілген кестеге сай тәмамдаймыз, – деді электрмонтері Виктор Спиров.

Энергетика – ел экономикасының күретамыры. «KEGOC» АҚ жүзеге асырып жатқан жоспарлы жөндеу жұмыстары тек бір маусымға емес, ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қызмет етеді. Ақшатау кентіндегі жөндеу барысы – мұның нақты дәлелі.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Идея игілікке жеткізеді

Балқаш қаласында заманауи әрі экологиялық таза орындықтар орнатылып, қаланың келбетіне жаңа серпін берді. Қайта өңделген пластиктен жасалған бұл ерекше бұйымдар қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерімен көмкеріліп, этностильде безендірілген. Бұл бастаманың авторлары – «Қазақмыс» корпорациясына қарасты политехникалық колледждің студенттері Аида Мұханова мен Толғанай Жолдыбай. Оларға тарих пәнінің оқытушысы әрі ғылыми жетекшісі Гүлзада Шайжанова жетекшілік еткен. Аталмыш жоба байқауда топ жарып, 800 мың теңге көлеміндегі грантты жеңіп алды.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл креативті жоба – 2023 жылы өткен «Туған жерге қамқорлықпен!» атты экологиялық марафон аясында ұсынылған «Эко-этно тұғыр» бастамасының нәтижесі. Жас экологтар орындықтардың дизайнын жасап қана қоймай, күннен қуат алатын шамдардың жұмыс механизмін ойлап тапқан. Сонымен қатар, жобаның техникалық сызбалары мен құрылымын өздері әзірлеген.

– Балқашта полимер қалдықтарын қайта өңдейтін кәсіпорын болмағандықтан Қызылорда облысындағы өндіріс орнымен әріптестік орнаттық. Олар бізге орындықтар мен қокыс жәшіктерін, сондай-ақ, күннен қуат алатын шамдарды дайындап берді. Ал, колледждің техникалық қызметкерлері бұл жабдықтарды

күтіп-баптауды өз мойнына алды, – дейді жоба жетекшісі Гүлзада Шайжанова.

Қас қарайғанда орындықтардың маңындағы шамдар автоматты түрде жанады. Күн сәулесінен қуат алатын бұл шамдар электр энергиясын үнемдеп, қаланың экологиялық ахуалына оң ықпал етеді.

Айта кетейік, жоба жетекшілері мен студенттер бастаманы кеңейтуді жоспарлап отыр. Болашақта Балқаштың өзге де аумақтарына осындай экологиялық орындықтар орнатылмақ. Тіпті, демешілердің көмегімен келешекте әр орындық маңында қазақтың күмнаттық, Олар бізге орындықтар мен қокыс жәшіктерін, сондай-ақ, күннен қуат алатын шамдарды дайындап берді. Ал, колледждің техникалық қызметкерлері бұл жабдықтарды

БАЛҚАШ

Сурет автордан

Жалықпайтын Жасқайрат

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағаны белгілі. Осы игі бастаманың аясында көптеген ілкімді іс-шаралар қолға алынды. Ең бастысы, қоғам өмірін өзінің маңдай тер, табанды еңбегімен ізгілендіріп жүрген әр сала мамандарының мәртебесін өсіруге мән берілуде.

Қарқаралыда да өмірлік несібесін адал еңбегімен тауып жүрген қажырлы жандар аз емес. Соның бірі – аудан орталығындағы «Дархан» әмбебап дүкенінде отыз жылдан астам еңбек етіп келе жатқан, он саусағынан мөр төгілетін шебер азамат Жасқайрат Илиясов.

Аталмыш дүкенде сонау тоқсаныншы жылдардың басында ағаш өңдеу цехын ашқан кәсіпкер Мейрам Сағымбеков қоластына талабы бар бірталай жігіттерді топтастырып, ағаш өңдеу жұмыстарын бастаған болатын. Сол уақытта осы дүкенге жұмысқа кірген жас жігіт Жасқайрат өзіне-өзі қойған биік талабымен, табандылығымен қайраттана еңбек етіп, бара-бара көнігі шебер, мықты әмбебап маманға айналды.

Заман ағымына сай, дүкен ішінен баспахана ашылғанда тың кәсіпке тез жаттығып, бұл жұмысты да ұршықша иіріп, жылдам бейімделіп кетті. Жасқайрат бойында жүре пайда болған тіл мен құлақ кемістігін елемей, ешкімге масыл болмай, қайта кейбір сау адамдарды амыр жұмыс істеп, ел қатарларын өмір сүруге ұмтылды.

– Мен осы уақытқа дейін Жасқайраттың қандай жұмыс болсын «мен білмеймін, қолымнан

келмейді» дегенін естіген емеспін. Бұрын айналыспаған кез келген жұмысты тапсырсам болды, үнсіз ұғып, әрбір істің ығытын тауып, тиянақты істеп қояды. Талай адаммен жұмыс істедік қой, ер-азаматтар ішінен мұндай қажырлы әрі қолынан барлық жұмыс келетін әмбебап, жан-жақты маманды кездестірген емеспін, – дейді дүкен иесі Мейрам Армияұлы.

Иә, бастапқыда ағаш өңдеу цехында тұрмысқа қажетті бұйым мен жиһаздарды шебер істеген Жасқайрат, кейін баспахана ісі алға басқанда, дүкеннің ішкі жабдығын жаңарту жұмыстарын да жоғары деңгейде атқарды. Істен шыққан әлдебір машина, құрылғы болса, сырттан ешкімді шақыртпай-ақ, қыбын тауып дереу жөндеп, қайта жұмысқа қосып отырды. Одан кейін дүкеннің барлық ішкі бөлмелерін заманауи уақыт талабына сай жөндеу жұмыстарын жалғыз өзі атқарып шықты. Мұнда да жанына ешкімді ертпей-ақ, екі қабатты дағарадай дүкен ғимаратының барлық бөлмелерін жөндеуден өткізді. Үйдің қабырғаларын тегістеп, еденін жөндеп, есік-терезелерін ауыстырып, барлық бөлмелерді жұтындырып қойды.



Осының бәрі, бір жағынан, кәсіпкер Мейрам Сағымбековтің өз ісін сауатты, дұрыс ұйымдастыра алғандығынан болса, екінші жағынан алғанда, Жасқайраттың еңбекқорлығы, табандылығы, ыждағаттылығы, дйттеген ісін

аяқтамай үйіне қайтпайтын, жалықпай да шаршамай жұмыс істей алатын қабілеттілігінің нәтижесі екені даусыз.

Биыл Жасқайрат Қабыкенұлы дүкен ғимаратының сыртқы қасбетін сайдингпен қаптау жұмысын қолға алған болатын. Ел ішіне кең тараған «Жалғыздың шаңы шықпас» деген қағиданы еріске шығарғандай, тағы да өзге ешкімге жүгінбей, барлық жұмысты бір өзі атқарып, үлкен ғимараттың сыртқы екі қабырғасын бүтінгі күн талғамына сай сәнмен аяқтап шықты. Зіл темірді жалғыз көтеріп, биік басқышты қолымен құрастырып, ауыр зат, тақтайлар-

ды тасып, баппен ғана жұмысын тындырып жүрген жанның қажырын көрген әрбір адам Жасқайраттың табандылығы мен қайратына таңғалар еді.

– Әкем сурет салу өнеріне жастайынан құмартып, көркемөнерге жақын болған екен, – дейді кейіпкеріміздің баласы, Қарағанды техникалық университетінің студенті Мөлдір. – Өзі айтқандай, бұрынырақта суретті көп салыпты, ағаштан ойып мүсіндер жасауға да, бұйымдар әзірлеуге де бейім болыпты. Оның осындай өнері маған да ықпал етті ғой деп ойлаймын. Әкем сияқты сурет салуды бала кезімнен ұнатамын. Мектеп



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

бітіргеннен кейін сәулетші мамандығын таңдауыма сурет салуға деген ынтам себепші болды.

Әр нәрсенің өзінің себеп-салдары, қозғаушы күші болады ғой. Жасқайраттың бала күннен сурет салуға құштарлығы қолының ісмерлігіне қозғау болып, «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, бойындағы қабілетін әрі қарай дамыта алды. Негізгі жұмысының ара-арасында таныс адамдардың шақыруымен үйлердің ішкі жөндеу жұмыстарына шығып, қосымша табыс та тауып жүр. Бәрі де отбасының қамы, бауырындағы үш баласын ешкімнен кем қылмай өсіріп-жеткізсем деген мақсатының нәтижесі. Зайыбы Сымбат ерінің табысын ұқсататын жан, отбасының берекесі. Жасқайраттың Мөлдірден басқа, Аружан мен Мақсат есімді балалары О.Жәутіков атындағы №1 қазақ орта мектебінде оқиды.

Әрине, денсаулығына байланысты Жасқайратпен тікелей тілдесіп, сұхбаттаса алмасак та, оның болмыс-бітімі мен қарым-қабілеті жайында өзі қолымен атқарған еңбегінің нәтижесі толық айтып береді. Еңбекқорлығы мен шеберлігін сөзімен емес, нақты ісімен дәлелдеген жан қашанда және кез келген қоғамда қадір-құрметке ие.

Аян ҚЫЗҚИН

Сурет автордың жеке мұрағатынан

• ТАҒЫМ

Қалдырған ізін мәңгілік

«Ұстазым менің, ұстазым...». Осы өлең жолдары бала күнімізден жатталып, көкейімізде сайрап, әуені санамызда мәңгі жаңғырып тұратындай көрінеді. Ұстазға деген сүйіспеншілік, сый-құрмет сезімі оянып, жан дүниені баурап алатындай. Мектеп табалдырығын аттағаннан бергі ұстаздарымды еске алсам, осы ән көкейімде қалықтайды да тұрады...


Мектепті аяқтап, саналы өмірге қадам басқанда толқисын, қобалжисын. Болашақ тағдырың қалай қалыптасатыны жоғары оқу орнына түсерде, мамандық таңдап, білім нәрін тұңғықтан тата бастағанда ғана анықталады екен. Арқадағы қасиетті қарашанырақтағы ұстаздарымның ішінде өмірлік жолымды, білім мен ғылымдағы жолымды дұрыс таңдауға себеп болған, жүрегімде ерекше із қалдырған дана, ойшыл, парасатты тұлға – Төлеуғазы Ысқақұлы еді. Ұстазыма арналған естелікті әріден бастауды жөн көрдім. Себебі, естелік ұстазымның аруағына бағышталғанмен, «қызым, саған айтам, келінім, сен тұлға» деген, ұстаз ғибраты замандастарымыздың да, ертенгі болашағымыздың да кепілі, қазіргі алдымыздағы шәкірттеріміздің де ой-санасын оятып, жан дүниесін тебіренітіп, рух әлеміне қалықтап шығып, жалған дүниедегі пендешілік тірлігіне сын көзімен қарауға себеп болса игі болар еді.

Қалаға оқуға түсем деп келгендегі бастапқы ойым да, бір жағынан, сол пендешіліктен туындап еді. «Аяқ-қолмен атқаратын ауыр қара жұмыстан, баспен, тілмен атқаратын жұмыс жеңіл болады, жаның қиналмайды, шаршап, шалдыкпайсың» – деген жер бауырлаған түсінік. Шындығын айтқанда, ауылдағы күйбеңі бітпейтін: жаз болса, – қой бағу, мал қайыру, шөп түсіру, аула сыпыру; күз келсе – жем-шөп дайындау, отын, қиды қамдау; қыс келсе – қора-қопсы тазалау, қар күреу; көктем келсе – мұз ою, жыра қазу дегендей дала тірлігінен қалаға қашқандағы «арам» ой осы «қиындықтан» құтылу еді. Бұл тәннің, нәпсінің рахаты қалауынан туындайтын пендешілік түсінік. Ал, жан мен рухтың қалауын қалай танымыз?! Үлкен сұрақ! Ол жаныңа маза бермесе, «ұстазға деген мұқтаждық», «ұстазды іздеу» жолы осы мазасыз күйді бастан кешкен сәттен басталады. Менің оқу іздеп қалаға келгендегі «өзіме-өзім анық есеп бер алмайтын» әрі-сәрі күйім де осылай басталған еді.

Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсем деп үш рет: 1985, 1986, 1987 жылдары емтихан тапсырсам да шет тілінен «қанағаттанарлық» деген баға автоматты түрде қойылатындықтан, сынақтан өте алмай,

ұнжырғам түсіп, ауылға қайтатын едім. Оның себебі: бәсекелестік өте жоғары еді. Бір орынға бес-алты талапкер таласады, емтихандарды «4» пен «5»-ке тапсырған күннің өзінде конкурстан өте алмай құлап жатады. Өз бөлем екі «4», екі «5» деген бағамен тарих факультетіне түсе алмай, филологияға амалсыз кетіп еді. Оған қоса, қазақ ауылдарынан келген талапкерлерге шет тілі толық оқытылмағандықтан автоматпен «3» деген баға қойылады, сөйтіп конкурстан өтуге ешқандай үміт қалмайды. Содан, үшінші ретте 1987 жылы құжаттарымды кешкі оқу курсына тапсырып, емтиханынан екі «үздік» деген баға алсам да жолым болмады. Жұмысшыларды оқуға түсуге дайындайтын курс болғандықтан еңбек өтілі маңызды екен. Ол конкурстан жоғары дегені 17 жыл, ең төмен дегені 5 жыл еңбек өтілімен конкурстан өтті. Мен 3 жылдық еңбек өтілімен тағы өтпей қалдым. Құжаттарымды алуға барғанда түңіліп кеткен түрімді көріп, аяп кетті ме, қабылдау комиссиясының қызметкері: «Құжатты алмай тұра тұр, тағы бір мүмкіндігің бар, дайындық бөлімінің күндізгі бөліміне құжатңды тапсыр», – деді. Үміт оты қайта тұтанғандай болды. Сол жылы М.Горбачевтің «Қайта құру» саясатының жағымды ықпалы болды ма, әлде соның алдындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының әсері болды ма, алдыңғы жылдарда ең көп дегенде сегіз-ақ орын беріліп келсе, енді одан да көп орын бөлініп, мен тізімде жиган балым бойынша он бірінші болып оқуға түстім.

Дайындық бөлімінде әдебиеттен әу басында Бақыт Көрбаева деген ұстазымыз дәріс беріп, сыни ойлаудың не екенін санамызға сіңірді. Тарихтың шытырман оқиғаларының көзге көрінбейтін тылсым құпиясы мен заңдылықтарын қалай түйсінуге болатындығын қоғамтану пәнінен алғаш сабақ бергенде Сергей Васильевич Селиверстов деген ұстазымыз ұғындырды. Пәлсафалық сұрақтар қоя отырып, сан алуан пікірімізді ортаға салып, бәріне жауапты өзіміз іздеп табуға бейімдеді. Екінші курста тарихшы апай Надежда Жакуповадан ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдісін үйрендік. Әсіресе, осы әдіснама (методология) пәнін өткенде ауылдан келген, орысша білмейтін, екі ауыз



сөз құрап, ойын орысша жеткізе алмайтын біздер қатты қиналған едік. Алдымыздағы жылдары бұл пәнді ауылдан келген, қазақша ғана билетін студенттер игере алмай, жазғы сессияға қалдырылып немесе оқудан шығып қалып жататынын да естідік. Надежда Владимировна әр дәрісінің түсінбеген жерін түсіндіру үшін түстен кейін, сабақтары біткеннен кейін арнайы уақыт бөлетін. Әр дәрісі бойынша кітапханада қанша уақыт, немен, қалай жұмыс жасайтынымызды тәптіштеп түсіндіріп, тіліміз жетпей жатса, сұрақпен жетелеп, ой ұшқынын тудыра отырып, кейін пәнді де меңгеріп, орысша да сайрап кетуімізге тікелей себеп болды. Осындай ұстаздарымызға ырзашылығымызды өлең жолдары арқылы жеткізетінбіз. 1991 жылы қарашанырақта алғаш рет Наурыз мейрамын тарих факультеті студенттері жатақханада ұйымдастырды. Ұстаздарды жайғастыратын жеріне жайғастырып, алдарында ұлттымыздың салт-дәстүрін жаңғыртып, сахналық көрініс, өнер көрсетіп, ойын-сауық құрып, қабырға газетіне оларға арнаған жеті жолдарын жариялады. Соның бірі – Надежда Владимировна Жакупова апайдың лекциясына арналған еді.

Ал, тек тарих емес, өмірді, жан дүниені мен қоршаған ортанды, әлемді, ондағы өз орныңды түсінуді және мамандық таңдаған соң білім мен ғылымның ең негізгі қыр-сырын түсінуді екінші кур-

стың көктемгі семестрінде пәлсафа сабағына Төлеуғазы Ысқақұлы келгенде түйсіне бастадық. Сол курс аяқталғанда қимастық сезіммен ұстазыма деген сүйіспеншілік пен құрметімді жоғарыда аталған қабырға газетіне өлең жолдарымен «Төлеуғазы ағайдың лекциясы» деген атаумен жариялап жеткізген едік.

Сабақтан тыс уақытта, тіпті, курс аяқталса да, ұстазымыздың артынан қалмай, жақынырақ танысып, ішкі жан дүниесімен сырласуға да құштар болдық. Осын-дай талпынысты іске асырушы бір курс жоғары оқыған Омар Жәлелұлы Төлеуғазы ағаймен кездесулер ұйымдастыратын еді. Кездесу алдында ұстазымыздың әлі жарияланбаған қолжазбаларымен танысып, содан көңілге түйген ойымызды айтып, сұрақтарымызды қойып, армансыз сырласып, жанымыз рахатқа бөленетін. Қарашанырақтағы студенттік кезімде «ұстаз бен шәкірттің кіршіксіз, адал рухани өзара қарым-қатынасы» дегенді тек ұстазым Төлеуғазы ағаймен сырласқанда ғана түйсініп, басымнан кештім.

Осы ұстазымнан бойыма сіңірген рухтың кереметі соншалық, тілін білмей, түпнұсқасын оқи алмайтын, орысшасын қанша қайталап оқысаң да, миыңа қонбайтын немістің классикалық философиясының қағидалары көкейімде Төлеуғазы ағайдың жілік майын шаққандай қылып санамызға қазақы түсінікпен, мақал-мәтелімен,

қанатты сөздері мен даналық қағидаларымен сіңірген білім арқылы жаңғырып жатқандай көрінеді. Оған өзімнің де таң қалуыма мына бір жағдай себеп болды. 2022 жылы құрмет тұтатын ағаларымның бірі Болат Сыздық фейсбукте «Ақиқат жүр адасып арамызда» деген сарында өлеңмен пост жариялап, оның арты қызу пікірталасқа ұласып, әркім өз топшылауларын жазып жатқанда, қай-қайдағым есіме түсіп, қияли пәлсафалық ойлар тұңғығына өлең жолдарымен батып кетіп, пікірлерімді жазып жатқанда, философ Фарид Фаттаховна апай:

– Пікіріңізбен толық келісемін! Мен неге сұхбат басында неміс философы И.Канттан бастадым дейсіз! Сіздің философиялық ой-толғауыңыз И.Канттың «Критика способности суждения» деп аталатын еңбегінің «Критика эстетической способности суждения» деген бөліміндегі тұжырымдармен жанасады, – деп қалды.

Иә, Канттың ілімі туралы дүниелерді студенттік кезде оқығанымымен, шығармаларының өзін, нақты «Таза зердеге сын» деген еңбегін қанша бастап оқып көргеніммен, еңсерсе алмай, «гісім батпайтынын» мойындап, жайына қойғанмын. Ұстазымыз Төлеуғазы Ысқақұлы: «түпнұсқаны өз неміс тілінде түсініп оқу керек, аударма арқылы Кантты түсіну қиынға соғады», – деп еді.

Омар Жәлелұлы кейін сол неміс тілін үйреніп, түпнұсқаны игеремін деп жүретін. Өз басым тілге шамам келмейтін болған соң оған талпынған да жоқпын. Ал, Кант туралы дәрісті сүйсініп тыңдауға себеп болған ұстазым Төлеуғазы Ысқақұлының бір ерекшелігі – кез келген түсінуі қиын күрделі философиялық ұғымдарды түсіндіргенде ылғи да қазақтың даналық ойы, қанатты сөздерін, мақал-мәтелдерін мысалға келтіре отырып, жілік майын шаққандай ғып санамызға құйып беруші еді. Ой үндестігі сол ұстазымның дәрістерінен тамыр алады. Және әдіснама курсындағы таным мәселесі Канттың ілімін айналып өте алмайтыны өзінен-өзі түсінікті ғой.

Төлеуғазы ағамыз ылғи да пікірталас ұйымдастырып отырушы еді. Классикалық неміс философиясын өте жақсы көретін. Сосын, украинадағы Бычконы айтып отырушы еді. «Қазақ рухының философиясы» деген оқу құралын шығарғанда, сол кітаптың тұсауы ескері болды. Сонда тарихшы Мырзағали Хасенұлы Төлеуғазы ағамызға сұрақ қойды: «Осы сіз Гегельді де жақсы көресіз. Оның «Рух феноменологиясы» деген еңбегі бар. Сол Гегельге еліктеп,

сіз оқу құралын «Қазақ рухының философиясы» деп атадыңыз ба?» – дегенде, Төлеуғазы ағамыз: «Қазақтың рухы мен немістің рухы бір емес» деген еді», – деп еске алады.

Иә, Төлеуғазы Ысқақұлының дәрісін асыға күтіп, басталғанда ұйып отырып тыңдап, уақыттың қалай өтіп кеткенін аңғармай қалатынымыз. Мен 1988–1993 жылдары тарих факультетінде оқыдым. Қазіргі университетте жұмыс істеп жүрген курстастарым: Павел Солощенко (философия және психология факультетінде), Зульфия Хафизовна Валитова, (әлеуметтану маманы) Виктор Максименко (шахмат шебері). Менің курстастарымның өзі бірінші курстың өзінде курстық жұмыс тақырыптарына ежелгі грек ойшылдарының өмір тарихы мен шығармашылығын алатын. Олар философиялық тақырыпта ой өрбіткенде өз басым тілдерін егіп түсінгенмен, ойларына ілесіп, пікір айтуға тіл жетпей, қорланып отыратын едім. Бірақ, сол бірінен бірі өткен мықты ойшыл курстастарым өзіме қатты ықпал етіп, орыстың ғылыми тілін де бір кісідей меңгеріп кетуіме үлкен себеп болды. Екінші курстың төртінші семестрінен бастап, студенттердің басшылыққа талап қоюының нәтижесінде жеке қазақ тобы құрылды. Төлеуғазы ағамыз дәрісті қазақша оқитын. Қалған сабақтың барлығы дерлік басында аты қазақша болғанымен негізінен орысша оқылатын. Оған қазір өкінбеймін. Керісінше, екі тілде де ғылыми мәтінді түсініп оқитын халге жеттік.

Шынында да, Төлеуғазы ұстазымыз өз ісіне жан-тәнімен берілген, жан дүниесі рухани азықпен қоректенген, бар тұмырын ұрпақ тәрбиесі мен өнегесіне, адамгершілік құндылықтарын санамызға сіңіруге арнаған ерекше жаралған жан еді. Биыл мерейлі 90 жасқа келер еді...

Ұстазымды еске алып, оның ғибратын таң асыра жырлап, өнегесін өзімнен замандас әріптестеріме, соңымнан ерген жас ғалымдар мен шәкірттеріме мұра қылып жеткізе алсақ, одан асқан бақыт жоқ!

Ұстазымыздың жаны жәннатта, тәні рахатта болсын! Кейінгі ұрпақ игілікті ісін жалғастырып, жемісін ұлт қызықтасын! Еліміздің көркейіп, рухани дамуына қосқан ұстазымыздың үлесін лайықты бағалап, мұрасын көздің қарашығындай сақтауға жазсын!

Мәулен ЖАКИП,
тарих ғылымдарының кандидаты

Сурет автордан

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Қамқорлыққа сенім серік

Қарағандыда менталды ерекшелігі бар жандарға арналған алғашқы интеграциялық орталық ашылды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалада «Бізбен бірге бол!» атты интеграциялық орталық – өмірде менталды ерекшеліктері мен мүгедектігі бар 16 жастан асқан азаматтарға арналған жалғыз кеңістік. Мұнда әлеуметтік бейімделу мен кәсіби даму бағытындағы түрлі бағдарламалар жүзеге асырылады. Орталықта арт-терапия, спорт, йога, би, тігін

ісі бойынша сабақтар өткізіледі, шығармашылық және қолданбалы шеберханалар жұмыс істейді. Қызметкерлер құрамында 11 маман – психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, заңгерлер мен кеңесшілер бар. Орталық бір мезгілде 200 адамға дейін қабылдай алады. Қазіргі уақытта 30 қатысушы жүйелі түрде сабақ алып жүр. Бұл – жаңа дағдыларды меңгеруге, әлеуетті ашуға, өзге адамдармен қарым-қатынас орнатуға және

біртіндеп өз бетінше өмір сүруге бейімделуге мүмкіндік беретін кеңістік.

– Орталықты ашуға біз бес жылдан астам уақыт жұмсадық, – дейді орталықтың негізін қалаушы, «ACET inclusive» қоғамдық бірлестігінің директоры және менталды ауытқуы бар жасөспірімнің анасы Әсел Бекбаева. – Өз тәжірибемнен білемін: мұндай адамдардың көбі төрт қабырғаға қамалып, дамуға, жұмыс істеуге, қоғаммен араласуға мүмкіндік ала алмай жатады. Біз олар үшін қауіпсіз әрі ашық орта жасағымыз келді. Әрқайсысы өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезініп, қабілеттерін дамытып, болашақта өзіне лайықты жұмыс тауып, өмір сүре алатындай жағдай тұғызуды мақсат еттік. Концепцияны әзірлеу барысында біз Франция және басқа да Еуропа елдерінің тәжірибесін зерттедік. Мұндай орталықтар ол жақта өз тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген.

Орталықтың басты мақсаты – күнделікті өмірде және еңбек саласында қажет болатын базалық дағдыларды үйрету. Бұл, әсіресе, балалық шағынан бастап, үнемі қамқорлықта болған адамдар үшін өте маңызды.

– Біз ең қарапайым тұрмыстық дағдылардан бастаймыз: үстел басында дұрыс отыру, ыдыс қою немесе жинау, себебі, ата-аналардың шектен тыс қамқорлығы сал-



дарынан көпшілігі мұны білмейді немесе орындауға құлықсыз, – деп түсіндіреді Әсел Бекбаева. – Уақыт өте келе тағам дайындауға, наубайшылыққа, бариста кәсібін баулимыз. Аталмыш дағдыларды олар болашақта орталықтың жанынан ашылатын инклюзивті дәмханада іс жүзінде қолдана алады. Ол жерде қызмет көрсететін жандардың барлығы – менталды ерекшелігі бар азаматтар екенін

келушілер де білетін болады.

Орталықта кәсіби бағдарлау мен жұмысқа бейімдеу мәселесіне де ерекше назар аударылады. Жыл басында жарияланған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында жетелі жоба аса өзекті. Мұндағы оқыту – алдағы тұрақты еңбекке орналасудың алғашқы баспалдағына айналуы мүмкін. Орталық Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданында орна-

ласқан. Жоба 2025-2027 жылдар аралығында жүзеге асырылады.

Оны «ACET inclusive» қоғамдық бірлестігі Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы іске асыруда.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



Табиғатты қорғау парыз



«Carlsberg Kazakhstan» компаниясы Балқаш қаласында дәстүрлі экологиялық сенбілігін өткізді. Биылғы шараға компания қызметкерлері мен серіктестері атсалысып, 200 қап қоқыс жиналды. Сенбілікке Астана, Жезқазған, Баянауыл ұлттық паркінде де үлес шаралар ұйымдастырылды.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Carlsberg Kazakhstan» сыра өндіруші компаниясының аумақтық менеджері Руслан Тұспаевтың айтуынша, компания бұл шараны 7 жылдан бері өткізіп келеді. Компания жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, тазарту жұмыстарын жүргізіп, қоқысты шығаруға арнайы техника бөлінгенін атап өтті.

– Біз барлық демалушылар

мен туристерден сондыранан қоқыс қалдырмауын сұраймыз. Адам табиғатты қорғауға үлес қосуы тиіс, – деді Руслан Тұспаев.

Сонымен қатар, экологиялық акцияны ұйымдастырушылар демалушыларды қалдықтарды жинап, дұрыс утилизациялауға шақырды.

БАЛҚАШ

• ДІН-ДІҢГЕК

Шындықтың шырағын сөндірмеу – ортақ міндет

Қазіргі таңда деструктивті діни ағымдардың ықпалы – қоғам үшін ең өзекті мәселенің бірі. Олар өздерінің жымсысқ идеяларын тарату үшін түрлі айла-шарғыны қолданады. Басты мақсаттары – халықты өз тамырынан, тарихынан, ата-баба дәстүрінен ажырату. Осылайша, рухани іргесі сөгіле бастаған адамды өздеріне оңай бағындырады.

Бұл ағымдардың ең қауіпті тәсілдерінің бірі – дәстүрлі дін өкілдеріне қарсы шығу. Өйткені исламның төл ілімін жетік меңгерген, ақ-қараны ажырата білетін имамдар мен ұстаздар ғана олардың жалған уағдызын өшкерелей алады. Сол себепті радикалдар өз жақтастарын имамдардың сөзіне құлақ аспауға шақырады, оларды «бидғатшы», «сүннет жолымен жүрмейді» деп айыптайды. Осылайша, жастарды мешіттен алыстатып, жалған пәтуаға жетелейді.

Тағы бір алаңдатарлық жайт – бұл ағымдардың халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін жоққа шығаруы. Құдайы ас беру, Құран оқу, ата-бабаны құрметтеу, жеті атаны білу, бата беру, Наурыз мерекесін тойлау – мұның бәрі халқымыздың дінімен біте-қайнасқан құндылықтары. Ал радикалды топтар мұның барлығын «дінге жат» деп, халықты өз тарихынан, мәдениетінен қол үздіруге тырысады.

Дәстүрінен, өткенінен, рухани іргесінен ажыраған адам – олардың идеологиясы үшін ең жеңіл олжа. Өйткені тамырынан

айырылған жан айтқанға сенгіш, айдағанға көнгіш келеді. Мұндай адамның бойында сындарлы ойлау қабілеті әсіреп, өзіндік ұстанымы жоғалады.

Деструктивті ағымдардың бұл қулығы тек жеке тұлғаға емес, бүкіл қоғамға зиян тигізеді. Олар адамдар арасындағы алауыздықты өршітіп, ұлттың бірлігіне сызат түсіреді. Қасиетті дініміздің атын жамылып, халықты адастыру – тек рухани емес, саяси тұрғыдан да қауіпті құбылыс.

Осындай адасулардың алдын алу үшін не істеу керек? Ең әуелі – қоғамда сыни ойлау қабілетін дамыту маңызды. Діни сауаттылықты арттыру, сенімді дереккөздерді ғана пайдалану, дәстүрлі ислам құндылықтарын дәріптеу – бұл бағыттағы ең басты қадамдар.

Бірліктің бастауы – рухани тұтастық. Ал шындықтың шырағын сөндірмей, әділдік пен парасат нұрын жүректерге себу – баршамыздың ортақ борышымыз.

Жасұлан БАҚЫТБЕК
Kazislam.kz

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Ұлт болмысының тетігі

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихынан бастау алған ұлттық спорт түрлері бүгінде жаңаша сипат алып, мемлекет тарапынан кең қолдау тауып отыр. Көшпелі өркениеттің болмысын бойына сіңірген көкпар, бәйге, аударыспақ, жамбы ату, саят, тенге ілу, асық ату сынды ойындар ұлттың жады мен болмысы. Ұлттың тұтастығын, ұрпақтың рухани тәрбиесін бекемдейтін идеологиялық тетігі іспетті. Қазақтың осы бір баға жетпес мұрасын кең көлемде дәріптеу мақсатында өңірде нақты қадамдар жасалып, қарқынды даму үстінде. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы нақты дерек келтіріп, жетістіктерімен бөлісті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында: «Ұлттық спорт – мәдени болмысымыздың бір бөлшегі ғана емес, ұлт саулығы мен ұрпақ тәрбиесінің маңызды тетігі» деп атап өткен болатын. Осы ретте еліміздің әр өңірінде бұл саланы өркендетуге бағытталған нақты шаралар жүзеге асырыла бастады. Қазіргі таңда аймақта ұлттық спортпен 38 мыңнан астам адам айналысады екен. Солардың ішінде 36 спортшы ұлттық құрама сапында ел намысын қорғап жүр.

– Ұлттық спортты кәсіби деңгейде дамыту үшін облыста арнайы инфрақұрылым қалыптастып келеді. Бүгінде балалар мен жасөспірімдерге арналған ұлттық спорт түрлеріне бейімделген спорт мектебінде конкур, аударыспақ,



тоғызқұмалақ, дәстүрлі садақ ату, бәйге және жамбы ату бағыты бойынша жаттығу жүргізіледі. Мұнда 400-ге жуық бала спортпен тұрақты түрде айналысады. 20 жаттықтырушының жартысы тұрақты негізде жұмыс істейді. Сонымен қатар, өңірде 11 спорт түрін біріктіретін алты федерациядан құралған Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы белсенді жұмыс істеп жатыр, – деді дене шынықтыру және спорт басқармасының мамандары.

Ұлттық спортты насихаттауда Қарағандыдағы «Көкпар» спорт клубының үлесі зор. Мұнда 14 нұсқаушы мен 2 бапкер еңбек етеді. Олар тек көкпар емес, атқа міну мәдениетін, ер-тұрманның қолданылу әдісін, ат спортына қатысты дәстүрлерді де кейінгі буынға үйретіп келеді. Жалпы, жыл басынан бері облыста ұлттық спорт түрлері бойынша 23 жарыс өткізіліп, оған 2 500-ден астам спортшы қатысқан. Сонымен қатар, Қарағанды облысынан 298 спортшы 34 республикалық жарысқа қатысып, облыс қоржынына 15 алтын, 14 күміс және 25 қола медаль салды.

– Биыл аймақта маусым айында ұлттық спорт түрлерінен жарыс маусымы ашылды. Ашылу салтанаты кең көлемде өтіп, облыстың барлық қала-ауданынан 400-ден астам спортшы бас қосты. Ал, шілде айында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын IV облыстық ұлттық спорт түрлері фестивалі өтті. Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл фестиваль тек ұлттық спортты ғана емес, ұлттық құндылықтарды да дәріптеудің үлкен алаңына айналды. Сонымен қатар, ауыл спортын дамытуға арналған еліміздегі ең ірі дода «Ақбидай» VIII республикалық ауыл спорт ойындарын да айта кетпеске болмас. «Ақбидай» республикалық ауыл спорт ойындары биыл қыркүйек айында Алматы облысында өтеді. Жакын арада облысымызда осы байқаудың облыстық іріктеу кезеңі басталмақ. Осы облыстық фестивальдің жеңімпаздарына республикалық кезеңге жолдама беріліп, облыс атынан сынға түседі. Тамыз айында ұлттық спорт түрлерінен тағы бірнеше турнир ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Ал қыркүйекте маусымның жабылуын кең ауқымда өткізбекпіз, – деді басқар-

ма мамандары.

Одан бөлек, маусымнан бастап күшіне енген «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңы жайында да айта кетпеске болмас. Аталған заңда ұлттық спорт түрлері еліміздің спорттық саясатының басым бағыты ретінде нақты көрсетілген. Қабылданған жаңа заң тек ата дәстүрімізге көрсетілген құрмет қана емес, ұлттық спортты жүйелі дамытып, қаржыландыруға және спортшылардың жоғары жетістікке қол жеткізуіне мүмкіндік беретін тарихи шешім. Бұдан бұлай ұлттық спорт түрлері жаңа заң аясында мемлекеттік қолдауға ие болады. Әрі инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базаны жақсартуға бағытталған қаржы бөлу де қарастырылған. Одан бөлек, маман даярлау, спортшыларды қолдау, жарыстарды ұйымдастыру тетіктері нақтыланған. Бір сөзбен айтқанда, жол ашылды, мүмкіндік бар. Ендігі міндет – осы мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

Көркемсөз шеберлері бақ сынасты

Қазақ халқының ұлы ойшылы, данышпан ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында Қарағандыда көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауы ұйымдастырылды. Кеменгер тұлғаның рухани мұрасын дәріптеу, жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін жетілдіруді мақсат еткен бұл байқау жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ұйымдастырды. Биылғы сайысқа аймақтың түпкір-түпкірінен 25 талапты жас қатысып, өзара бақ сынасты. Байқау екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде үміткерлер Абайдың және оның шәкірттерінің өлеңдерін жатқа, көркемдік шеберлікпен, мәнерлеп оқыды. Бұл сында олардың дауыс мәнері, сөз ырғағын сақтау, өлең мазмұнын ашып жеткізу қабілеттері бағаланды.

Ал, екінші кезеңде үміткерлер

Абайдың «Қара сөздерін» жатқа оқыды. Бұл – ерекше дайындықты талап ететін бөлім болды. Себебі, қара сөздер терең философиялық мазмұнға ие, ал оны көркем жеткізу үшін нағыз шеберлік қажет. Қатысушылар бұл сынақтан да сүрінбей өтіп, Абай ойларын тыңдаушы жүрегіне жеткізе білді.

Үміткерлердің өнерін арнайы бекітілген қазылар алқасы бағалап, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларды анықтады.

Байқаудың жүлделі I орынын Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің түлегі Мөлдір Еркін жеңіп алды. Оның мығым дайындығы сахнаға шыққанынан-ақ көзге ұрып тұрды.

– Былтыр дайындығым шала болып, осы байқаудан Алғыс хат алған едім. Биыл намысымды қамшылап, топ жару үшін, жатпай-тұрмай дайындалдым. Сақалдай сай келдім. Сәйкесінше, оза шаптым. Алдына мақсат қойып, соған барын салған адам дегеніне жетеді екен. Сондықтан, кез келген байқауға қатысушыларға мығым дайындықпен баруды айрықша атап айтамын, – дейді Мөлдір Еркін.

Ал, II орын Саран қаласы тілдерді дамыту орталығының волон-



тері Алтынай Мараг пен Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Мадияр Сайлауханға бұйырды.

III орын биігінен Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің түлегі Бірлік Ережеп, Ақтоғай аудандық мәдени бос уақыт өткізу орталығының маманы Құлмұхамед Серікғалыұлы және Шет ауданы, Нұраталды ауылдық кітапханасының «Жас қалам» жас ақындар клубының мүшесі Ару Дәрібай көрінді.

Барлық қатысушыға Алғыс хат берілсе, жеңімпаздарға диплом мен қаржылай сыйлық табысталды.

Абайды тану – өзіңді тану. Оның қара сөздері – адам болмысы мен рухани тазалыққа апарар жол. Байқауға қатысқан әрбір жастың бойынан Абайды түсінуге деген ұмтылыс, өнерге деген махаббат анық көрінді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жеңіс тұғырынан көрінді

Абай облысы, Мақаншы өңірінде, Алақолдін жағасында өткен «Асық ату» және «Бес асық» ұлттық ойындары бойынша ардагерлер арасындағы Қазақстан чемпионатында теміртаулықтар топ жарып, ел мерейін асырды. Бірнеше күнге созылған айтулы додаға еліміздің 14 облысынан келген сайыпқырандар қатысып, шеберлік пен тәжірибенің, ептіліктің ерен үлгісін көрсетті.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

65 жастан асқандар арасындағы «Асық ату» жарысында жеңіске жеткен Молдаш Нұрымов – Теміртаудағы қыздар гимназиясының математика пәні мұғалімі. Ол өз өнерімен ғана емес, жастарға ұлттық ойындарды үйретудегі белсенділігімен де ерекшеленіп келеді.

– Жастық шақта асық ойнау біз үшін тек ойын емес, нағыз өмір мектебі еді. Екі жыл бұрын мені Теміртау құрамасына шақырып, жастармен жұмыс істеуге ұсыныс жасады. Содан бері оларға асық ойнаудың қыр-сырын үйретіп келемін. Біздің жеңісіміз – тек спорттық жетістік емес, ұлттық ойындардың өміршендігін дәлелдейтін игі іс, – дейді Молдаш Нұрымов.

Ал 60 жастан асқан әйел-

дер арасында өткен «Бес асық» сайысында «Қуаныш» балабақшасының тәрбиешісі Гүлнәр Әлиева үздік нәтиже көрсетіп, қарсыластарынан оқ бойы озық болды.

– Мен әр ойын алдында ардагерлерге: «Сіздер тек жеңіс үшін емес, ұлттық мұраның аманатын жеткізу үшін шықтыңыздар» деп үнемі айтып отырамын. Олар да додада бар күш-жігерін салды. Бүгінде жастардың ұлттық ойын-



дарға деген қызығушылығы бізге үлкен үміт береді. Қазір ақпараттық технологиялар дәуірі болғанымен, ұлттық құндылықтар ешқашан ескірмейді. Ардагерлер соны дәлелдеді, – деді команданың жеке бапкері Асан Жолдыбаев.

Мақаншыдағы рухани-спорттық сайыста ардагерлердің жеңіс тұғырынан көрінуі – біздің аймақ үшін мерейлі мәртебе. Осы арқылы ұлттық ойындардың қадір-қасиетті жаңғырып, кейінгі ұрпаққа да үлгі болары анық.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БОКС

Бангкокта байрағымыз желбірей ме?


Тайландтың астанасы Бангкок қаласында өтіп жатқан World Boxing Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсетіп жатыр. U19 және U22 жас санаты бойынша ұйымдастырылған дүбірлі дода айдың басында басталған еді. World Boxing федерациясының бастамасымен өткен байрақты бәсекеге Азия құрлығының 26 елінен 400-ге жуық спортшы қатысуда. Ұлттық құрама бұл жарысқа толық құрамда аттанып, бүгінде жарқын көрсеткіштерге қол жеткізуде. Ел намысын қорғаған боксшылардың қатарында Қарағанды облысынан жеті спортшы бар. Жарыс барысы қызға түскен тұста отандастарымыздың бірқатары жартылай финалға жолдама алып, финалға бір табан жақындады. Солардың қатарында қарағандылық Аяжан Ермек те бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар сапынан U19 әйелдер санатында 48 келіде Гүлназ Бөрібаева, 51 келіде Томирис Мырзақұл шаршы алаңға көтеріледі. Ал, U19 қыздар санатында 57 келіде Аяжан Ермек пен 60 келіде Алина Құдайғенова өнер көрсетпек. U19 ерлер санатында 80 келіде Тимур Тайбеков, 85 келіде Нұрсұлтан Қыстаубай және 90 келіде Расул Асанханов бақ сынаиды.

Жарыстың бірінші күні отандастарымыз үшін сәтті басталды. Шаршы алаңға сегіз боксшы шығып, оның бесеуі келесі кезеңге жолдама иеленді. Бұл күні жұлдырықтасқандардың қатарында қос қарағандылық Аяжан Ермек пен Тимур Тайбеков бар. Екеуі де сәтті өнер көрсетіп, келесі кезеңге өткен болатын.

Жалпы, бұл күні шаршы алаңға бірінші болып, U19 ерлер және әйелдер құрамасы көтерілген. 48 келіде Диана Серікбаева, 51 келіде Айым Таңқыбаева, 54 келіде Жа-



нель Имантаева сынды отандасымыз қарсыластарын қапы қалдырды. Ал, Аяжан Ермек 57 келіде қолғап түйістірген-тін. Осы уақытқа дейін жерлесіміз үш дүркін ел чемпионы атанған. Әрі бұған дейін Азия, тіпті, Әлем чемпионатынан да алтын алған. Бүгінде Ұлттық құрама басшылығы жерлесімізден алтын күтіп отыр. Десе де, жерлесіміз үшін алғашқы жарыс күні сәтті өтті. Ол жапон боксшысы Сакура Окамамен қолғап түйістіріп, 5:0 есебімен жеңіске жетті.

Ал, ерлер арасында 50 келіде бақ сынаған отандасымыз Әділ Асқанбай мен 90+ келідегі Бексұлтан Қайратұлы сол күні жарыс жолынан шығып қалды. 70 келіде өнер көрсеткен Бейбарыс Әшірбай қарсыласын 5:0 есебімен жеңді. 80 келіде өнер көрсеткен қарағандылық Тимур

Тайбеков болса, сингапурлық Риан Ли Бенджаминді мерзімінен бұрын жеңіп, келесі кезеңге өтті. Тимур – өз салмағында Азия чемпионы. Әлемдік ареналардан ұлттық құрама қоржынына жүлде салып жүрген бас жүйір. Бұл спортшыға да үлкен үміт артып, алтын жүлде күтіп отыр.

Жарыстың екінші күнінде шаршы алаңға U22 санатындағы боксшылар көтерілді. Бұл күні 57 келіде қолғап түйістірген Виктория Байдукова, 50 келідегі Нұрзат Онғаров, 55 келідегі Бексұлтан Боранбек жарыс жолынан шығып қалды. Ал, 60 келіде жұлдырықтасқан отандасымыз Нұрислам Қалдыбаев жекпе-жекті мерзімінен бұрын аяқтаса, 65 келідегі Илья Калинин қарсыласын айқын басымдықпен жеңді.

Жарыстың үшінші күнінде 55 келідегі Әділбек Қожахан, 65 келіде

Мұхит Нұрқабылұлы қарсыластарынан жеңіліп қалды. 54 келіде жұлдырықтасқан отандасымыз Сымбат Әлиасқар да қарсыласынан айласын асыра алмады. Ал, 60 келіде бақ сынаған Әділет Тортүбек сәтті өнер көрсетіп, келесі кезеңге өтті. Бұл күні 48 келі салмақта сынга түскен жерлесіміз Гүлназ Бөрібаева алғашқы жекпе-жегін жеңіспен бастады. Ол жапондық қарсыласы Нон Гошогаваны үш мәрте нокаунға түсіріп, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Айта кетейік, Гүлназ ұлттық құрама сапында тамаша өнер көрсетіп жүрген спортшы. Бапкерлері бұл спортшының болашағынан үлкен үміт күтіп отыр.

Жарыстың төртінші күнінде жеті бірдей ұлттық құрама спортшысы жартылай финалға жолдама алды. 60 келідегі Нұрислам Қалдыбаев, 65 келідегі Илья Калинин, 70 келідегі Нұрбек Мусрал, 80 келідегі Санжарәлі Бегалиев, 90 келідегі Темірлан Мұқатаев қарсыластарын шаң қаптырып, жартылай финалдың жолдамасын иеленді. Ал, U19 санатында өнер көрсеткен 54 келідегі Жанель Имантаева мен жерлесіміз Аяжан Ермек те ақтық кезеңге бір табан жақындай түсті. Айта кетейік, Аяжан бұл күні жергілікті Чавалук Соннуммен қолғап түйістіріп, қарсыласын 5:0 есебімен жеңді. Енді жерлесіміз 8 тамыз күні ақтық сын жолдамасын сарапқа салады.

48 келідегі отандасымыз Диана Серікбаева кезекті жекпе-жегін өткізіп, жапон боксшысын жеңді. Сонымен қатар, 60 келідегі Алина Құдайғенова қарсыласына мүмкіндік қалдырмады. U22 санатында жұлдырықтасқан 60 келідегі Әсем Таңатар, 65 келідегі Аружан Жаңабасева да кезекті кездесуін жеңіспен аяқтады. Өкінішке қарай, бұл күні U22 санатында 75 келіде өнер көрсеткен Аман Қонысбеков пен 85 келіде Азатбек Жолдасхан қарсыластарынан жеңіліп қалды. Одан бөлек, U19 санатында 51 келідегі Айым Таңқыбаева да жарыс жолын осы жерден аяқтады.

Суреттер бокс федерациясының әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

Ауылда – Абай аялдамасы

Бұқар жырау ауданы Көкпекті ауылында қазақтың бас ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ауыл орталығындағы бұрынғы «Солнышко» деп аталатын аялдамаға «Абай» атауы беріліп, жаңаша сипатта көпшілікке таныстырылды.



Бұдан төрт жыл бұрын ауыл әкімшілігінің қолдауымен Көкпекті ауылында Абай ескерткіші орнатылған болатын. Енді сол ескерткіштің дәл жанына орналасқан аялдама ұлы тұлғаның есімімен аталады. Бастаманы ауылдық кітапхана қызметкерлері Гүлжауһар Сайлау, Гүлнұр Сырбаева және клуб меңгерушісі Ольга Дмитриевна көтерген. Олар өз ұсынысын ауыл әкімдігіне жеткізіп, қолдау тапқаннан кейін, «Абай аялдамасы» ресми түрде ел назарына ұсынылды.

Ашылу салтанаты да ерекше мазмұнмен өтті. Шара аясында ауыл мәдениет қызметкерлерінің қатысуымен әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылып, Абайдың мұрасына арналған өлеңдер оқылып, әндері шырқалды. Ауыл тұрғындары мен қонақтар бұл рухани кештен үлкен әсер алып, Абай

рухымен қауышқандай күй кешті. Ауыл көшесінде орналасқан қарапайым аялдаманың ұлттық сана мен ұлы тұлғаны ұлықтауға қызмет етуі – нағыз мәдени жаңғырудың үлгісі.

Осылайша, көкпектілік кітапханашылар осындай шағын бастама арқылы жастардың рухани танымын кеңейтіп, Абайдай алып тұлғаларды күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналдыруға болатынын дәлелдеді.

Жергілікті тұрғындар бұл бастаманы жылы қабылдағанын және бұл басқа ауылдарға үлгі боларлық іс екенін атап өткен жөн.

Назкен ШАЙБЕКҚЫЗЫ,
«Атамекен» үйірмесінің жетекшісі,
Көкпекті ауылының тұрғыны

Сурет автордан

• МӘДІ БӘПІҰЛЫНЫҢ ЖӘНЕ МҰСТАҚЫМ МАЛДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 145 ЖЫЛ

Арыстар рухы ардақталған ас

Жомарт табиғат бойына дарытқан талант күдіретімен, ерекше еңбегімен һәм көзсіз ерлігімен ұлт мүддесіне қызмет жасаған, елдің тарихында есімі жазылып қалған бірегей тұлғалардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, аумақтық әкімшілік бөліністердің, тіпті, жекелеген кәсіпорын мен шаруашылықтың мерейтойларында киіз үйден қала орнатып, ұлттық ойындар, түрлі спорт жарыстарын өткізу, өнер ұжымдары мен жекелеген энші-күйшілер концертін ұйымдастыру, құрметті қонақтарға, бәсеке жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сый-сияпат көрсету қазіргі қазақ қоғамында қалыпты жағдайға айналды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақын Қадыр Мырза-Әлі айтқандай: «Қазақ осы – дүние мен малынды, Жаксылап бір шашу үшін жинайтын...». Әрине, мұндай тойдың орындысы да, орынсызы да бар. Өзіміз орынды деп есептейтін сондай жиынның бірі – әнші-композитор, күрескер ақын, ерлік пен еркіндіктің символы Мәди Бәпиұлы мен Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері Мұстақым Малдыбайұлының туғандарына 145 жыл толуына арналып Қарқаралы ауданына қарасты, алғашқы аталған тұлғаның есімін иеленген ауылдық округтің орталығы Айрықта өткізілген мереке.

«Тойдың сылтауымен тон тігіледі» деген жұртпыз ғой, қос арысының бестікпен аяқталған мерейтойларын атап өтуді желеу етіп, мұнда жергілікті тұрғындар үшін пайдалы бірсыпыра игілікті шаралар жүзеге асырылған екен. Атап айтқанда, ауылдың кіре берісіне құны 2 миллион 150 мың теңге тұратын қақпа (арка) орнатылыпты. Бұл Үшқараның етегіндегі Айрыққа

кәдімгідей-ақ көрік беріп тұр. 1 миллион 300 мың теңгеге Айрық ауылына 60-70 адам еркін сиятын киіз үй, мектепке 700 мың теңгенің интерактивті тақтасы мен 510 мың теңгенің күрес кілемі, ауыл клубына 1 миллион теңгенің музыкалық аппаратурасын сатып алыпты. Сонымен бірге, 1 миллион 500 мың теңгеге ауыл асханасына жылыту жүйесі орнатылып, 700 мың теңгеге дала сахнасы жасалыпты. Сондай-ақ, округке қарасты Едірей ауылы үшін құны 650 мың теңге тұратын киіз үй алыныпты. Өңірде қандай да бір өнеркәсіп орны, ірі шаруашылық жоқтығына қарамастан, осыншама істің атқарылуына мүмкіндік жасаған жергілікті шаруа қожалықтары мен 1968-1998 жылдары Айрық пен Едірей ауылдарында туып-өскен азаматтар екен. Бұл ретте әрбір әкімшілігіне жәрдем берген Асты ұйымдастыру комиссиясы (төрағасы – осы ауылдың түлегі, Қарағандыдағы №19 ЖББ «Келешек» мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мартбек Күзембаев пен округ ардагерлері кеңесінің төрағасы Серік Қоныров) үлкен жұмыс атқарғаны хақ.



Тікелей тойдың өзіне келетін болсақ, сиыр сәскенің кезінде Егіндібұлақ мәдени-сауық орталығының «Басында Үшқараның балғын едім...» атты концертті бағдарламасымен басталып, аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұржан Ағыбайұлы Ілияшев пен аудан әкімінің кеңесшісі, қоғамдық кеңестің төрағасы Сайлау Әлиевтің құттықтауына жалғасты.

Көктемнен бері жаңбыр болмағандықтан, Мәди ауылдық округі аумағын жаз басынан құрғақшылық жайлаған екен. Тоймен бірге себелеп басталған жаңбыр бірте-бірте күшейе түскеніне қарамастан,

ылғалды аңсаған көпшілік басынан бақайына дейін су сорағалатып осы ауылдың тумалары, көпшілігі қазір Қарағанды мен Егіндібұлақта тұратын ардагерлер Көшербай Шайма-нов, Ақатай Сүлейменов, Серік Сексенұлы, Мейрамбек Кенжебеков, Аманжол Қуанбаев, Серік Қоныров пен осы жолдар авторының құртықтауларын, өнерлі жастардың әндерін үлкен ықыласпен тыңдады. Әсем әуендер арасында асты қаржылай қолдаған шаруа қожалықтарының иелері мен әр жылдары туған тұлектердің өкілдеріне Алғыс хаттар табыс етілді.

Концертпен қатар биік жайма үстіндегі боз кілемде қазақ күресі,

одан соң қой көтеру, жасыл алаңда шағын футбол, арқан тартыс, жасөспірімдердің жаяу жарысы өтіп жатты. Қазақ күресінен «Мәди барысы» біріншілігінде осы ауылдың балуандары: Мақсат Боранбаев I орын, Бақытжан Шайманов II орын, Диас Жәкеев III орын иеленді. Қой көтеруде Тәттімбет ауылдық округінің өкілі Асылжан Шаймерденовке ешкім тең келген жоқ. Шағын футболдан I орынды – «Нұрмақов – I», екінші орынды – «Нұрмақов – II», үшінші орынды Қаракөл командалары алды. Тағы бір командалық жарыс – арқан тартыста ерлер арасында «Мәди – I» – бірінші, «Нұрмақов» – екінші, «Мәди – II» ко-

мандасы үшінші орыннан көрінді. Әйелдер арасында «Едірей» – бірінші, «Мәди – I» – екінші, «Мәди – II» командасы үшінші жүлдені иеленді. Жасөспірімдер арасындағы жаяу жарыс та тартысты болды. Ұлдар арасында Владимир Ыдырысов – бірінші, Нұрәли Мұбарак – екінші (екеуі де Қоянды ауылынан), Мәди ауылының жеткіншегі Саян Саят үшінші орыннан көрінді. Қыздар арасында Көркем Сәбит – бірінші, Зере Алтынова – екінші, Аяру Ерболова үшінші орынға табан тіреді. Барлығы да жергілікті тұлектер.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау аяқталған соң «Туған елге – тағзым!» атты галла-концерт басталды: сахна төріне Мәди округінің өнерпаздары мен С.Сейфуллин театрының жас әртістері көтерілді.

Әкімшілік және өнеркәсіптік орталықтардан шалғайда орналасқан Айрық ауылы тұрғындары мен қонақтарын желпінткен астың соңы оташашумен аяқталды.

P.S.: Мерекеге келген қонақтардың және жарыстарға қатысушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауылдық округ медикесі мен учаскелік инспекторға қосымша, тәртіпті қадағалау үшін Егіндібұлақ полиция бөлімшесінің және Егіндібұлақ өрт сөндіру бекетінің қызметкерлері жұмыс істеді.

СУРЕТТЕ: Мәди Бәпиұлы мен Мұстақым Малдыбайұлының туғанына 145 жыл толуына арналып Айрық ауылында өткен ас пен мерекелік іс-шаралардан көрініс.

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;	Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерс: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJIBKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 498 №84 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАҢҚЫЗЫ
---	--	---	---	---